

А И Н А

ЖУРНАЛИСТЕР –
МАРАПАТ БИГІНДЕ

2-бет

СУНБАТ

«АСТАНА ФЕНОМЕНИ –
БІРЕГЕЙ ТАРИХИ
ОҚИҒА»

3-бет

Қ О Ғ А М

ҚАЗІРГІ БИЗНЕС
КОММУНИКАЦИЯ

5-бет

А Л Е У М Е Т

ГРАНТҚА ҚАЛАЙ
ТҮСУГЕ БОЛАДЫ?

6-бет



ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН

«ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ ТАРИХ ТАРАЗЫСЫНДА ТҰР»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың республикалық «Ана тілі» газетіне берген сұхбаты

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, бүгінде бүкіл әлемді алаңдатып отырған індет, өкінішке қарай, біздің елімізге де оңай тиген жоқ. Пандемия алғаш басталғаннан-ақ, Өзіңіздің басшылығыңызбен мемлекет көптеген әлеуметтік-экономикалық іс-шараларды қолға алды. Одан жсалны жұрт хабардар. Елімізде жарияланған төтенше жағдай екі айға жуық мерзімге созылды. Карантин шаралары әлі де жалғасын келеді. Жалпы соңғы кезде карантин шараларына қарамастан елімізде індет тез таралуда. Қазірдің өзінде дерт жұқтырғандар саны 20 мыңға жуықтады. Жүзден аса адам осы науқастан қайтыс болды. Жұрт кәдімгідей үрей қишағында қалды. Бұл індет түрлі деңгейдегі билік өкілдерін де айналдыртып отыр. Ел арасында «Үкімет індеттің таралуын бақылаудан шығарып алды, сондықтан ауруханаларда орын жетіспейді» деген секілді әңгімелер де аз емес. Дүрліккен жұртқа қандай басу айтасыз? Расында да, осы індеттің таралуына қарсы күресте жеңіліп жатқан жоқпыз ба?

– Шынында да, бұл індет біздің ғана емес, жалпы әлемдегі адамзаттың бет-бейнесін, тұрмыс-тіршілігін өзгертті. Ауыр дерттің алдында дамыған мемлекеттердің өздері дәріменсіз болып отыр. Оған бәріміз куәміз. Озық деп жүрген Еуропа елдері, азуын айға білетен АҚШ, Азия алыптары – Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, тағы басқа да елдер тығырыққа тірелгендей. Ал қазір, «біз осы індетпен күресте жеңіліп жатырмыз немесе Үкімет ахуалды бақылаудан шығарып алды» деуге болмайды. Өздеріңізге мәлім, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында жұқпалы ауруларға арналған үш аурухана жедел салынды. Басқа өңірлердегі ауруханалар керек-жаракпен жабықталды. Науқастарды емдеуге дәрігерлеріміздің біліктілігі жетеді. Қазір ақ халатты абзал жандар күндіз-түні осы індетпен күрестің алдыңғы шебінде жүр. Мемлекет тарапынан қажетті қаражат бөлінді. Бір нәрсені айта кетейін, биліктердегі де – өздеріңіз секілді ет пен сүйектен жаралған адамдар. Лауазымды қызметкерлер жұмыс бабына байланысты бірқатар азаматтармен кездесуі керек, сондықтан ел ішіндегі іссапарларға шығады. Сондай жағдайда кездесіп жұқтырып алуы мүмкін. Иә, олар да ауырады, науқасынан емделеді. Билікте жүргендердің арасынан 15 шақты адам осы дертке шалдықты. Ал қазіргі статистика бойынша, вирус жұқтырғандар саны 20 мыңға жуықтады. Яғни олардың көпшілігі – қарапайым халық. Бұл жердегі мәселе кімнің қалай жұқтырып алғанында



емес. Сол азаматтарымыздың ауруын асқындырып алмай, тезірек жазылып шығуына жағдай жасау қажет. Ауруға шалдыққандарды шенеунік немесе қарапайым жұрт деп бөліп қарауға болмайды. Қазақ «Кемедегінің жаны бір» дейді. Біз бір елде тұрып, бір ауаны жұтып, бір қоғамда өмір сүріп жатқаннан кейін ешкім де бұл аурудан өзін толықтай қорғай алмайды. Бір планетаны мекен еткен соң өзге елдегі дерт бізге келмейді деп бейбәк отыра алмаймыз. Пандемия шекараға қарамайды. Сақтансақ қана өзімізді, жақындарымызды аурудан аулақтата аламыз. Сондықтан ел азаматтарын карантин режимін қатаң сақтап, тазалыққа мұқият болуға шақырамын. Бұл – өтпелі қиындық, уақытша сынақ. Біз осы індеттен және экономикалық дағдарыстан кейін қалай дамимыз, не істеуіміз керек деген мәселеге баса мән бергеніміз жөн.

– Иә, қоғам орнында тұрмайды, дамуы керек. Орайы келгенде қордаланып қалған, келешекте қалай болады деп халық жауабын күтіп жүрген бірқатар қадау-қадау мәселелер жайлы сөз қозғасақ, Қазақстан халқына арнаған алғашқы Жолдауыңызда қазақ тілінің қолданыс ауқымын кеңейту мәселесіне ерекше

тоқталған едіңіз. Өзіңіз білесіз, биыл жарық көргеніңіз 30 жыл тоқсан «Ана тілі» ұлт басылымы да тұңғыш санынан бастап туған тілдің бары мен жоғын түгендеп келеді. Мемлекеттік тіліміз ұлттаралық қатынас тіліне айналуы үшін қандай қадамдар жасалуы керек деп есептейсіз?

– «Ана тілі» газеті – қазақ тілінің қоғамдағы мән-маңызын арттыру, оның көкжиегін кеңейту мәселесін ұдайы қозғап жүр. Бұл басылым әрдайым ұлттық мүддеге берік болып, тілімізге жанашырлық танытып келеді. Осындай елеулі еңбектеріңіз үшін басылымда жұмыс істейтін журналистерге, үнемі ой-талқыға атсалысып жүрген жазушылар мен ғалымдарға шынайы ризашылығымызды білдіремін.

Осы отыз жыл ішінде қазақ тілін дамытуға қатысты ештеңе істелген жоқ деуге болмайды. Туған тіліміздің қолдану аясын кеңейту үшін көп жұмыс атқарылды. Оған дау жоқ. Мұны сырт көз сыншылар да айтып жүр. Бірақ олардың кейбірі мұндай үрдіске аса қуана қоймайды. Өйткені енді қазақ тілінің дамуын тежеп, ел ішінде кең өріс алуын тоқтату мүмкін емес екенін сезеді.

Қазақ тілінің жағдайы туралы айтқанда, мемлекетіміздің негізін қалаған, Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың айырықша еңбегін атап өтуге тиіспіз. Ол елімізде мемлекет құраушы ұлттың саны едәуір аз болғанына қарамастан Қазақстанның Тәуелсіздігін жариялады. Сондай аумалы-төкпелі кезеңнің өзінде Нұрсұлтан Әбішұлының тікелей ықпал етуімен Парламент қазақ тілін мемлекеттік тіл деп жариялады.

Шындығында, тілдік проблеманың үлкен саяси мән мен маңызы бар. Тіл мәселесіне бей-жай қарап, немқұрайдылық танытатын болсақ, мемлекеттіміз бен ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіріп алуымыз мүмкін. Бұған Украинаны мысалға келтірсек те жеткілікті деп ойлаймын. Мемлекеттік тілді дамыту ісінде қызбалыққа салынып, оның қолдану аясын күшейту кеңейтуге ұмтылудың кері әсері болары анық. Өйткені оның соңы ұлттаралық араздыққа дейін жетуі мүмкін. Сонымен қатар бұл тұрғыда геосаяси жағдайды да назардан тыс қалдырмауымыз керек. Әсіресе Ресеймен арадағы шекарамыздың әлемдегі ең ұзын шекара екенін де есте естен шығармаған жөн. География – геосаясаттың маңызды факторының бірі.

Бірақ бұл мемлекеттік тілге қатысты жұмыстарды тоқтатып қою керек дегенді білдірмейді. Қайта оны ың-шынсыз, айғайламай, қызбалыққа салынады, бірақ табанды түрде жалғастыра беру қажет. Бұл орайда Өзбекстанның тәжірибесін мысалға келтіруге болады. Олар өздеріне тән жайлы мінесіне салып, ұрандатып-шулаптай-ақ, қажет кезінде орыс тіліне де жүгіне отырып, тіл мәселесін толық шешіп алды. Менің таңғалатыным, Өзбекстанның мемлекеттік органдарында әлі күнге дейін орыс тілі қолданылады. Тіпті олардың тұтас тарихында да осылай болған. Өзбектер қоғамдық қатынастарды саясилендірмей, еңбек пен саудаға басымдық беріп, XX ғасырдың бас кезіндегі аз ғана алынған қазір Орталық Азиядағы ең үлкен ұлтқа айналды. Сондықтан ұлы Абайдың өзбек халқына қатысты айтқан парасатты ой-пікірі қазіргі технология ғасырында да өзіндік өзектілігін жоғалтпағанын байқаймыз. Өзбектер саясатқа құмар емес, олар еңбек еткенді құптайды. Бұл ел көшеде ұрандатып шеруге шығып жүрген жоқ. Қайта жасампаздыққа жетелейтін еңбекпен айналысып жатыр.

Тарихтан сабақ ала отырып, біз технология мен роботтар басты рөл атқаратын жаңа дәуірдегі қазақ халқының игілікті өмірі жайында ойлануымыз керек.

►► 4-бетте

Құрметті жезқазғандықтар және қала қонақтары!

Сіздерді 6 шілде – Отанымыз Қазақстан Республикасының астанасы күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Нұр-Сұлтан қаласы қазақстандықтардың арманының, сенімі мен жасампаздыққа ұмтылысының символы болып табылады. Тарих өзімізде ол өте жас, бірақ бұл жастықта жарқын да тамаша келешектің көрінісі бар. Оның архитектурасы, жоғара мәдени деңгейі, түрлі технологиялық және өнер әлемінің жасалықтарына ашықтығы бүкіл қазақстандық қоғамның даму серпінін айшықтайды.

Бүгінде біздің елордамыз технологиялық және индустриялық тұрғыдан дамыған қала, онда өткеннің ең жақсы дәстүрлерін құрметтейді. Ол бәрішамызға қуи-қуат беріп, жаңа жетістіктерге шабыттандырады.

Сүйікті Елордамыз гүлдене берсін! Қымбатты жезқазғандықтарға және бәрішамызға қазақстандықтарға жарқын күндер мен зор игіліктер тілейміз! Мереке құтты болсын!

Құрметпен,
Жезқазған қаласының әкімі
Қалалық мәслихаттың хатшысы

К. БЕГИМОВ
С. МЕДЕБАЕВ

SARYARQA

Жезқазған аймақтық газетіне жазылу жағалары

Күрметті оқырман! Газетте өзінің жарғы жазылған жазылым ұмытпаңыз! «SARYARQA» газетінен оқығандарыңыз:

- өзекті ақпарат;
- салмақты сараптама;
- сырлы сұхбаттар;
- ғылыми-танымдық мақалалар;
- нормативтік-құқықтық актілер;
- қызықты TV бағдарламалары;
- басқа да пайдалы мәліметтер.

Жарғы жазылған жазылу бағасы

Және тұталары:

Мекен жайға жеткізілім беру – 2000 теңге, редакциядан алушыларға – 1500 теңге.

Заңды тұталары:

Мекен жайға жеткізілім беру – 3500 теңге, редакциядан алушыларға – 3000 теңге.

Жезқазған қ., Есенберлин к-сі 61/3

+7 (7102) 71 00 55, 77 50 25, +7 707 370 9785

«SARYARQA» газетін серік етіңіз, сенімнен шығу – бізге серт!

А Қ М О Л А Д А Н А С Т А Н А Ғ А Д Е Й І Н

Тәуелсіз еліміздің алғашқы жылдарында-ақ «Жаңа астана» идеясы көтерілген тұста таңдаудың Ақмолаға түсерін сіз, ешкім де ойламаған шығар. Ойлаған жанның өзі бұл қаланы ел астанасы үшін қорашынған да болар. Айталық, астананы көшіру қарсаңындағы 1997 жылы 275 мыңнан аса халқы бар қатардағы жай қалалардың бірі болғаны белгілі. Оның үстіне ел өтпелі кезең ауыртпалықтарынан шығып үлгермеген уақыт еді ол. Елбасы «Жаңа астана» идеясының еріккенің ермегі емес, заманның талабы екенін, Тәуелсіз Қазақстанның асыл мұраттарының бірі екенін бізмізге де, сырт елдерге де қанысыз дәлелдей білді. Қазір сол күдік білдірушілердің өзі санаулы жылдар ішінде жүзеге асқан газыра берсізіз зағамат істерге еріксіз илануда, сырттан келген қонақтар мүмкін емес кереметтерге таңдай қаза қарауда. Сәулеті жарасқан Елорда тұрғындарының саны бұл күндері миллионнан асты. Астана күні қарсаңында біз оның ежелгі Ақмола кезіндегі тарихи мей қазак даласындағы маңызды орыны туралы деректерді бір тарқатып өтуді жөн көрдік.

Тарихи деректерге жүгінсек, Ақмола өңірі — бағзы замандардың өзінде Ұлы даланы мекен еткен ұлттар мен ұлыстардың тоғысқан, тірлігі ұштасқан өлкесі болғанын көреміз. Ақмола өңірі — көне дәуір тарихшысы Геродот жазбаларында айтылатын Ұлы даланы көктей өтіп, дүние қиырларын жалғаған, кейінгі дәуірлерде Ұлы Жібек жолы атанған әлемдік қарым-қатынастың кіндік ортасы болып табылады. Былайша айтқанда, Еуропа мен Азияны байланыстыратын тарихи орталық. Ғұндар тілінен аударғанда Ақмола – «Батыстағы қамал» деген мағынаны білдіреді екен. Қаладан 15 шақырымдай жердегі Тайтөбе жотасындағы ескі қорған Ұлы дала өркениетін қалыптастыруға негіз жасаған ғұн тайпаларынан қалған дейді тарихи болжамдар. Әйгілі ғалым Әлкей Марғұланның «Есіл мен Нұра өзендерінің

аралығындағы жазық дала – түрлі ағынды көлдерімен ноғайлы-қазақтарының белсенді көшіп-қонып жүретін аймағы. Сонау Ғұн патшалығы негізін салып беріп кеткен қамалдар мен қорғандар көптеген ғасырлар бойы Дешті Қыпшақ даласының киелі мұрасы болады», – деп жазғаны бар. Қазақ даласына орыс экспедициясымен шыққан И.Шангин 1816 жылы Бозоқ қаласының қирандылары мен қалдықтарын көріпті. Ал, Ақмола тарихи-өлкетану музейінің директоры Л.Ф.Семенов 1927 жылы осы көне қалашық орнына қазба жұмыстарын жүргізгенде Тәңір мүсіні, құс және жылқы бейнелері түсіріліп алтынмен, мыспен көмкерілген өшекейлі заттар, тас баялталар, темір дұлығалар мен сауыт-кіреуектер тапқан. Берінде академик Кемел Ақышев Астанадан 5 шақырым жердегі Бозоқ

көлінің шығыс жағалауында археологиялық зерттеулер жүргізді. Нәтижесінде Бозоқ қалашығы – Қазақстанның бас қаласы қазіргі Нұр-Сұлтанның тұпқазығы деген түйін жасалған.

XVI ғасырдағы Сібір-Орта Азия керуен жолы осы жерлермен өткен. Осыдан екі жылдай бұрын Елордадағы Орталық архивте және Ұлттық музейде болып Ақмола тарихына қатысты біраз деректермен танысқан едім. Сондағы материалдарға сүйеніп айтар болсам, Қараөткел жері сырт елдерге әуелде сауда қатынастары арқылы белгілі болыпты. Орыс және татар көпестері қазақ жеріне XVI-XVII ғасырда Орта Азия мен Ресей сауда қатынастары жолға қойылған кезден келіп орныға бастаған. Шығыс қытайдан да саудагерлер келіп тұрған. Олар шұға, атлас маталарын, айна, қобдишалар, күміс ыдыстар мен мельхиор бұйымдарын әкелді екен. Бұл жақтағы жергілікті халықтың ағаш пен теріден жасалатын қолөнер бұйымдарын, мал өнімдерін, жүн, алаша, арқан, қоржын сияқты заттарын сатып алатын болған. Өзара сауда-саттық жасасып, тауар айырбастасады. Орта Азия жәрменкелерінен жібек, табиғи асыл тастар, пышақ, қылыш сияқты шығыс қарулары, Қытайдан шыны ыдыстар мен фарфор бұйымдары әкелінетін. Осындай халықаралық деңгейдегі сауда-саттық ықпалымен Ақмолада көтерме сауда қоймалары пайда болды. Көпестер ат басатын бұратын ірі базарлар ашылды.

►► 6-бетте



МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІКТІҢ АЙНАСЫ

Мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту – елдің дамуындағы басым бағыттардың бірі. Себебі, қызмет кез келген адамға үлкен жауапкершілік жүзтейді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік қызметкердің алдағы уақытта мәртебесі жоғарылай түсетінін атап көрсеткен еді.

Аталмыш ресми құжатта «Мемлекеттік қызметкерлердің жақаласын қызметінің нәтижесіне байланысты өсіру» деген бастама да көтерілген болатын. Бұл өте қажетті нәрсе. Сарапшылардың пікірінше, жұмысының нәтижесіне байланысты жақаласы жақсы төленген шенеуніктің жұмыс істеуге деген мүмкіндігі нығаяды және қабілеті артады.

Осы күні мемлекеттік қызмет саласына заманға сай өзгерістер еніп жатыр. Соның ішінде, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға аса мән беріледі. Халыққа қызмет көрсету сапасын жақсарту да күн тәртібінде. Аталған мәселелердің барлығы мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін арттыра түседі.

Алаш қосемі Әлихан Бөкейхан айтқандай, «ұлтқа қызмет білімнен емес, мінезден». Мемлекеттік қызметтегі кез келген азамат шын мәнінде антана адал болса, елдің гүлдендіру ісіне негіз болары сөзсіз. Бұл күні барлық деңгейдегі мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптардың күшейіп, оларды мемлекет тарапынан қолдаудың жаңа алгоритмдерінің енгізілуі де ойымызды қуаттайды. Байқауымызша, мемлекеттік қызметке орналасуға ниетті жастар арасында саналы түрде қадам жасай алатын, ойы терең, қабілеті жоғары жастардың қатары артып келеді. Мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып саналатын ашық қоғам құру ісіне де мұның оң ықпал етері сөзсіз. Хакім Абайдың «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деген қанатты сөзін қаперіне ілген, жүрегімен түсінген жастардың мемлекеттік қызметке орналасып, халыққа қызмет қылуға құлшыны танытқанын көріп, көпшіліктің көңілі марқаттыны сөзсіз.

Мемлекеттік қызмет – бұл мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы лауазымдық өкілеттіктері мен мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған қызметі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі қоғамдық процестерді реттеуге, мемлекеттің біртұтастығын қамтамасыз етуге және Қазақстан Республикасы азаматтарының мүдделерін іске асыруға бейімделген. Мемлекеттік қызмет үшін беделді, яғни имидждің қызметтік және мәртебелі маңызы зор. Ол халықтың оған деген сенім деңгейінің көрсеткіші және қоғамның басқарушылық қызметінің, мемлекеттік деңгейде қолға алынған өзгерістердің тиімділігіне берген бағасының критерийі болып табылады.

Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметтің беделін арттыру қажеттілігіне қатысты мәселелерге аса басымдық беріліп отыр. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси даму жолында айтарлықтай жетістіктерге жетті.

Жалпы, еліміз үшін ерекше маңызға ие жоғары кәсіптік мемлекеттік қызмет пен тиімді басқару құрылымын қалыптастыру ісінде мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейі негізгі рөл атқарады.

Бұқараға мәлім, әлем жұртын әбгерге коронавирус инфекциясы да мемлекеттік қызмет саласына үлкен сынақ болып тиді. Мемлекет басшысының Жарлығымен елімізде төтенше жағдай режимі енгізілді. Барлық өңірлерде блок-бекеттер қойылды. Мемлекеттік қызметшілердің 80%-ы қашықтықтан жұмыс режиміне көшті. Халық сенімін ақтауды мақсат қылған мемлекеттік қызметшілер осынау сыннан сүрінбей өту үшін барын салды. Халыққа қызмет көрсету, мемлекеттік саясаттың басымдықтары жүзеге асыру, даму жолындағы негізгі индикаторларға қол жеткізу үшін уақытпен санаспай, қызмет істей алатындарын көрсетті. Заманауи технологиялар мен әлеуметтік желілердің мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып, қоғамның қажеттілігіне үн қоса білді.

Мемлекеттік қызметшілер мына бір принципті жақсы түсінуі қажет. Ел мүддесі, халық игілігі бәрінен жоғары тұрғанда ғана нәтижелі жұмыс болады. Мемлекеттік қызметші – мемлекеттік биліктің айнасы. Ар-ожданы биік, әділетті, талантты, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары мемлекеттік қызметшіні қоғам бағалайды. Нәтижесінде, халық сенімі нығаяды.

Әрбір мемлекеттік қызметшінің халықтың мүддесіне қызмет етіп, көкейтесті мәселелерді заң шеңберінде шеше білуі – бұлжымайтын қағида. Бүгінде бүкіл қоғам, барша ел жұмылып, сыбайлас жемқорлықты жою үшін күрес жүргізуде. Осы жолда әрбір мемлекеттік қызметші «арды ойлаған азбайды» деген нақылды терең түсінгені абзал.

С. АМАҢГЕЛЬДИНОВА,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы



6 шілде Елордамыз Нұр-Сұлтан қаласының күні ретінде атап өтілетіні белгілі. Егемендік әкелген еркіндіктің символына айналған астана күні қарсаңында елордалық жерлесіміз, қоғам қайраткері, саясаттанушы Кеңжеболат ЖОЛДЫБАЙ мырзаны аз-кем әңгімеге тартқан едік.

«АСТАНА ФЕНОМЕНИ – БІРЕГЕЙ ТАРИХИ ОҚИҒА»

– Елбасының тарихи шешімімен Сарыарқа төрінде бой көтерген жаңа астанамыздың Тәуелсіз еліміздің өмірінде алатын орны қандай деп ойлайсыз?

– Мемлекет ұғымының өзі ең алдымен астанамен астасып жатады. Қай елді атасанды да әдегеннен сананыңа бірден ол елдің астанасының аты түсетіні сондықтан. Біздің қазақтың арғы-бергі тарихында Ордабалық, Суяб, Тараз, Баласағұн, Сығанақ, Жент, Сарайшық, Түркістан сияқты қалаларда ордалы жұрттың туы тігілген. Нұр-Сұлтан қаласының дәл іргесінен табылған Бозоқ қаласы да үлкен орталықтың бірі болғанын ғалымдар дәлелдеді де. Ертедегі ер бабамыз Едігеден бастап, айбынды Абылайға дейінгі хандарымыздың бәрі осы Есіл бойында орда тіккендері тіпті де тегін болмаса керек.

Ал бүгінгі жағдайға келсек, біз еліміздің астанасын Алматыдан Ақмолаға ауыстырдық, Елорданы Алатау бауырынан Арқа төсіне көшірдік деп айта салу аздық етеді. Бұл біз үшін өте дер кезінде, өз тағдырымызды белгілейтін сын сағатта істелген сәтті қадам болды. Шын мәнінде, біз еліміздің жаңа астанасын салуға кірістік. Сол арқылы іс жүзінде жаңа мемлекет құруға кірістік. Жалпы, тақыр жерден жаңа көтерілген әліс елдің астанасын салу айтуға ғана оңай іс. Дей тұрғанмен, халқымыз жаңа да жас мемлекетінің астанасын өзінің қалаған жеріне, өзінің қалауы бойынша орнатты. Ең бастысы өзінің кіндік қаласының құрылысына білек сыбанып, бар күш-қайратын, ынта-жігерін салды. Әрбір көшеге, әрбір үйге жүрек мейірін, перзенттік сүйіспеншілігін, жан жылуын жұмсады. Нұр-Сұлтан қаласы осылайша халқымыздың аялы алақаны, ыстық мейіріммен тұрғызылды. Сондықтан да бұл қала бәрімізге ерекше қымбат, айрықша аяулы. Нұр-Сұлтан – елдің болашаққа салған алтын көпірі, жаңа қоғамның символы.

– Нұр-Сұлтан қаласының тарихи-әлеуметтік, философиялық, рухани тұрғыда қандай артықшылықтары барын атап берер едіңіз?

– Алдымен, астананы аустырудың саяси астарына үңілесек. Бұл жөнінде 1995 жылы ағылшынның беделді басшыларының бірі саналатын «Financial Times» газеті былай деп жазды: «Нұрсұлтан Назарбаев мырза Қазақстанның астанасын Алматыдан Орталық Қазақстандағы өндірістік қала Ақмолаға ауыстыру туралы жарлық шығарды. Көптен күткен бұл заң Орталық Азиядағы батыс дипломаттарының ренішін туғызса, Ресей ұлтшылдарының ашу-ызасын келтірді. Бақылаушылардың есебінен, Назарбаев мырзаның астананы елеусіз провинциялық қалаға көшірудің бірден бір себебі, ол – Қазақстанның солтүстік аймағына көз алартып жүрген орыс ұлтшылдарын қапы қалдыру». Негізі, бұл астананы көшірудегі үлкен саясаттың бір ғана жағы болатын.

Иә, астана таңдауды қай кезде болмасын мемлекеттің асқақ мүдделері айқындаған. Бізде де астананы көшіру ұлттың стратегиялық мүдделерінен туындады, онда геосаяси да, әлеуметтік-экономикалық та, рухани-тарихи астарлар болды. Алайда көшірудің мерзімі мен жағдайы есептей келгенде Астана феномені бүгінгі әлемде өзіне ұқсас белгі табу қиынға түсетін бірегей тарихи оқиға болып табылады. Елдегі экономикалық ахуал едәуір күрделі болып тұрған 90-жылдардың басында бізге бәрінен бұрын өзіміздің күшімізге сенімді орнықтыру қажет еді. Қазақстанды қуатты да өркендеген мемлекетке айналдыра аламыз деген сенім керек еді.

Астана ел ортасында орналасқандықтан жақын маңайға да, әлемнің әр қиырына да бірдей ашық, сонысы арқылы біздің сыртқы саясатымыздың бейбітсүйгіштік сипатын танытып тұрады. Астананы тоғыз жолдың торабында тұрған қалаға ауыстыру Қазақстан экономикасының сауықтыру қажеттігінен, бүкіл экономиканың өсуі үшін керекті мультипликативті тиімділікті қамтамасыз етуге ұмтылудан да туындаған еді. Елорданы құрамы жағынан көпұлтты өңірге көшіре отырып, біз тұрақты позитивті мемлекет құруға және ұлтаралық келісімге басымдық беруге бағыт ұстағанымызды таныттық. Сайып келгенде, жаңа астана көпшелік ордадан бүгінгі заманғы республикаға дейінгі дамудың көп ғасырлық жолын жүріп өткен қазақ ұлтын өзін-өзі танып-білудің аса маңызды белесіне шығарды. Қазақ этносы қалыптасқан Дешті Қыпшақтың ежелгі жерінің қазір жағуінде орналасқан ел астанасы бүгінде нәмадтардың санғасырлық тарихи көшінін дүттеген жеріне келіп тоқтауы, ұлттың кеңестік – тарихи ұйытқысының орнықты өлшемдерін анықтау сынды есер етеді. Астана біздің ұлттық санамызды нағыз егемендік деңгейіне жеткізіп, қазақ этносын ұйыстырған идеялық символға айналды.

– Сөйтіп, Ақмола қаласы ел астанасы болып жарияланған күнінен бастап бүгінге дейін өзінің астана ретіндегі миссиясын қаншалықты қалыптастыра келеді? Ел астанасы болып толықанды қалыптаспа ма? Қандай мәселелерді әлі де шешу керек, дамыту керек деп ойлайсыз?

– Әрине, тарих үшін 22 жыл дегеніңіз уақыттың қысқа ғана кезеңі. Дей тұрғанмен, Нұр-Сұлтан бұл кезең бүкіл Қазақстанның және оның көпұлтты халқының өмірін түбегейлі өзгеріске түсірген терең үдерістерге толы болды. Бүгін Нұр-Сұлтан өмір сүріп, жұмыс істеуге барған сайын қолайлы, ыңғайлы болып бара жатқан мегаполиске айналды. Осы жылдар ішінде денсаулық сақтауға бөлінген қаржы 32 еседен астам, білімге бөлінген қаржы 22 есе, әлеуметтік қамсыздандыру мүддесіне бөлінген қаржы алты есе артты. Мұнда Лев Гумилев атындағы жаңа Еуразия университеті ашылып ол өңірдегі күшті оқу орындарының қатарына қосылды.

Астаналық медициналық кластер жайы да көңіл толартықтай. Ол ең осы заманғы алты медицина институттарынан құралған. Қазір мұнда Ана мен бала орталығы, Балалардың сауықтыру орталығы жұмыс істейді. Сонымен қатар, бүгінде Диагностикалық орталық, Нейрохирургия орталығы, Желден медициналық жәрдемнің ғылыми-зерттеу институты іске қосылды. Осы орталықтардың негізінде біртұтас холдинг ретінде басқарылатын бірегей «Денсаулық қалашығы» құрылды. Ең осы заманғы озық медициналық құрал-жабдықпен қамтамасыз етілген мұндай кешен көптеген Еуропа елдерінде де жоқ. Қазірдің өзінде мұнда ауыр науқастарды емдеуге, бұрын тек шетелде ғана жасалатын аса күрделі операцияларды атқаруға болады. Барынша сапалы ем алу үшін өз елімізден, көршілес елдерден адамдар Нұр-Сұлтанға келуде.

Нұр-Сұлтан экологиялық мәселелерді шешуде осы заманғы көзқарастың үлгісіне айналуда. Елбасының ті-

келей өзі бастамашы болған астананың айналасынан «жасыл белдеу» жасау қарқынды жүзеге асырылуда. Осы жылдарда Елорда маңайында 71 мың гектар жерге орман отырғызылды, ол орман қала климатын едәуір өзгертіп, даланың желінен қорғап тұр. Қазіргі уақытта Нұр-Сұлтан қаласының аумағы 722 шаршы километрден астам, ал халқының саны 2020 жылдың 1 қаңтарындағы есебі бойынша 1136008 адам.

Бүгінде әлемдік қауымдастық үшін Қазақстан мен Нұр-Сұлтан атаулары егіз ұғымға айналып кетті. Бұл ұғым қарыштап даму мен өрісті өркендеудің өнегелі үлгісі ретінде орнықты. Біздер, қазақстандықтар, астананы асқақтату арқылы дүние жүзінде өзімізді келешегі кемел, әлеуеті қуатты мемлекет екенімізді таныттық. Осы жылдар ішінде Нұр-Сұлтан әлемдегі ең жас та танымал астаналардың бірі ретінде нақты Елордалық ауқымға ие болып қана қоймай, бүгінгі күні мейлінше үздік дамып келе жатқан әлемдегі 30 мемлекеттер астаналарының ортасынан ойып тұрып орын алып отырған астананың біріне айналды. 1999 жылы ЮНЕСКО Нұр-Сұлтан «Бейбітшілік оқисы» деп жариялады. 2008 жылдың сәуірінде Мәскеуде өткен «ТМД-ның таңдаулы қаласы» атты байқау-конкурста Нұр-Сұлтан 16 жұлденің 9-ын алды! 2000 жылдан бастап Қазақстанның басты қаласы астаналар мен ірі қалалардың Халықаралық Ассамблеясының мүшесі болып табылады.

Сөйтіп, Елордамыздың аты халықаралық сөздік қорына тез-ақ енді, әлем картасында өзіне-өзі сенімді мемлекет пайда болғанын аңғартатын маңызды мағынаны ала келді. Және біздің Елорда өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға үлес қосып тіпті көптеген форумдарды өткізудің орнына айналды. Нұр-Сұлтан қазір жай ғана Елорда емес, ол енді суразиялық интеграцияның Елордасы ретінде өңірлік даму бойынша жаңа идеялардың, көзқарастардың, нақты бағдарламалардың генераторы болуда. Қала әлемдік конфессияаралық үнқатысудың астанасына айналды. 2003 жылдан бері мұнда Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің алты съезі өтті. Біз әлемге діндер арасындағы үнқатысу мүмкін екендігін көрсеттік, өйткені, олардың бәрі жасампаздық пен адамзаттың игілігі идеясына негізделді. 2010 жылы Нұр-Сұлтан қаласында Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Саммиті, 2011 жылы VII қысқы Азия ойындары, Ислам Конференциясы Ұйымы жиналысы, 2017 жылы EXPO халықаралық көрмесі өткізілді. Бұл орасан зор сенімнің, дамудың «қазақстандық жолының» тиімділігін, қазақстандықтар толеранттылығының жоғары деңгейін таныудың белгісі.

«Біреуге қарап пікір ет, біреуге қарап шүкір ет» дейді халқымыз. Пікір етсек те, шүкір етсек те орынды. Дегенмен, халқы миллионнан асқан астанада билік тарапынан баспанамен қамтамасыз ету, мектептер мен мектепке дейінгі мекемелерді салу, қала шетіндегі мекендерді сумен, жарықпен қамту, сапалы жол салу, Абу Даби плаза «сақалды» құрылысы, Мемлекет басшысы Тоқаевтың тарапынан қатты сынга іліккен LRT мәселесі, ең бастысы, қазақ ұлты басым қаладағы қазақ тілінің аянышты халы тәрізді ірілі-ұсақты кемшіліктерден құр алакан еместігі. Бірақ, дүрбелен дүние бүгінгідей дүбірлеп жатқан тұста бізде шүкіршілік десек әсте қателесе қоймаспыз. Қаншама қиын да күрделі, күрмеуі қиыр-шыыр істердің түптің түбіне өзінің өз шешімін табыры анық. Бәрі де тек уақыт енішінде. Күте білгенге ол күндер де алыс емес.

– Елбасының Тәуелсіз Қазақстанды орнықтырудағы, жаңарту, өзгерген, мақсаты биік мемлекет ретінде дамытудағы тарихи рөліне тоқталсаңыз.

– «Ағылшындардың мәңгілік досы жоқ, ағылшындардың мәңгілік қасы жоқ. Ағылшындардың мәңгілік мүддесі бар» деген сөз бар. Ұлттық мүдде міндетті түрде қорғалуы керек. Осы ретте, ұлтты ұшпаққа шығаратын азамат, ұлтқа шым тереннен ойлайтын, тым қияннан болжайтын тұла қажет десек әсте қателеспейміз. Бірер мысал. Алып Қытай жол айрығында абдырап тұрғанда ұлттың Дөн Сюпинь бастап, халқын қазір АҚШ-пен иық тірестіріп, Жапонияны және Германияны экономика жағынан көп артқа қалдырып отыр. Үндістан Ұлыбританияға жалтақпай қалғанда Махатма Ганди басын бөйгеге тігіп шықты. Ең демократияшыл деп саналатын Америкада Франклин Делано Рузвельт президенттікке қатарынан төрт мерзімге сайланса, Шарль де Голь есімі Франция тарихында мәңгілікке жазылып қалды. Түркия елінде Мұстафа Кемаль Ататүрік, Сингапурда Ли Куан Ю болып, әлемде осындай біртуар ұлт тұлғаларының есімдері жалғасып кете береді.

Қазақ қамы үшін де бабаларымыздың қаны аз төгілмеді, батырларымыз бүкіл өмірін ат үстінде өткізді. Ақтамберді жырау былай жырлапты: «Жауга шаптым, ту байлап, шепті бұздым айғайлап, дұшпанның көрген қорлықтан, жылады жүрек, қан қайнап, елді, жұртты қорғайлап, өлімге жүрміз бас байлап». Яғни, ата-бабаларымыздың ұлы мақсаты тәуелсіздікті алу болды. Сол Тәуелсіздікті XX ғасырдың соңғы жылдарында алдық. Біз Тәуелсіздікті көшбасшымыз, ұлттымыздың ұлы перзенті Нұрсұлтан Назарбаевтың есімімен байланыстырамыз. Ал астананың тарихы біздің Тәуелсіздігіміздің тарихынан ажырамайды. Яғни, Елбасы мен Астана – егіз ұғым. Сондықтан астананың Нұр-Сұлтан атаулы мейлінше әділетті шешім. Көзі ашық қазақ ұлты, Қазақстан елі мұны анық біліп, өз ұлтының тұлғасы Нұрсұлтан Әбішұлын мақтан тұтады.

Негізі, нағыз мақтанатын нәрсеге мақтана, қуанатын нәрсеге қуана білген абзал. Бұл көңілдің ақтығын, жүректің тазалығын білдіреді. Бірақ, ел болғасын әртүрлі адамдар бар. Қайсыбір басшыларда, әлеуметтік желілерде, адамдар арасындағы ауызекі әңгімелерде Елбасы да сынга ілініп жатады. Бұл түсінікті де. Жұрттың бәрне жағыну қиын. Осыған орай Конфиденциял бір әңгімесін келтірейін. Бірде Конференция шөкірттері:

– Өміршілі жұрттың бәрі жақсы көрсе не болады? – деп сұрайды.

– Жақсы болмайды, – деп жауап береді қытай ғұламасы.

– Өміршілі жұрттың бәрі жек көрсе ше?

– Әрине, жақсы емес.

Сосын Конфиденциял өзі:

– Өміршілі жақсы адамдар жақсы көріп, жаман адамдар жек көрсе дұрыс болады, – дейді.

Жалпы, ел билеген адамдардың абыройы туралы сөз болғанда Ыбырай Алтынсариннің мына шумағы еске түседі:



Жақсыны көзден салмаңыздар, Жақсыдан қапыл қалмаңыздар. Өзі болған ерлердің, Аяғынан алмаңыздар.

– Елордамызда заманауи үлгіде салынған әсем ғимараттар аз емес. Келбегі – сұлу, ажарлы. Ал рухани азғы қалай? Зиялы қауым, әдеби және ғылыми қаншалықты деңгейде қалыптасты?

– Нұрсұлтан Әбішұлы алғашқы күннен бастап астананың мәдениетін қатар алып жүруге бетбұрыс жасады. Елбасының пәрменімен Күләш Байсейітова атындағы опера және балет театры ашылып, оған Алматыдан көптеген өнер қайраткерлері тартылды. Аталмыш театр елдегі ең жас музыкалық театр, классикалық мұраны түсінетін және жаңырып жатқан қазақстандық қоғамның рухани қажеттіліктерін іске асыратын, сондай-ақ қазақ және әлемдік музыкалық дәстүрін жалғастырушысы болып саналады. Астана Опера театры да Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылған театр. Сонымен қатар, Елбасының тапсырмасымен «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Заманауи өнер мұражайы, Орта Азиядағы ең үлкен мұражай – Қазақстан Республикасының ұлттық мұражайы, әлемдік және отандық жұлдыздардың концерттері, мерекелік және ресми кездесулер, көрмесер, конференциялар ұйымдастыруға арналған жас астананың ерекше кешені – «Қазақстан» орталық концерт залы, Қазақстанның үлкейтілген картасындағы табиғат, архитектура және өмір сүру этно-мемориалды Атамекен кешені, «Үшатын табақ» түріндегі ғимарат – астаналық цирк ойын-сауық мекемесі, «Назарбаев орталығы» көпфункционалы ғылыми-талдамалық және гуманитарлық-ағартушылық мемлекеттік мекемесі аясында «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасы» мемлекеттік мекемесі салынып, пайдалануға берілді. Жалпы, Нұр-Сұлтан қаласында 27 кітапхана, 8 мемлекеттік мұражай, 10 демалыс және көңіл көтеру саябақтары, 6 кинотеатр бар.

Әлем әртісі атанған скрипкашы Айман Мұсақожаеваға Қазақ Ұлттық музыка академиясын өмірге әкелуге зор қамқорлық көрсетіліп, Академия музыка саласынан классикалық тәрбие мен білім беретін үлкен бір ошаққа айналды. Әзірбайжан Мәмбетовті алдыру Қалибек Қуанышбаев атындағы қазақ театрын астаналық деңгейге көтеруге барлық жағдайлар жасалды. Таяуда оның жаңа ғимараты пайдалануға берілмеіші. Дәл сол жылдары Астана қаласының филармониясы ұлғайтылды. Ұлттық аспаптар оркестрі және симфониялық оркестр құрылды. Алматыдан, республиканың өзге де аймақтарынан танымал әншілер мен домбырашылар жиналды. Қазақ ұлттық хореография академиясы ашылды.

Мұнда ұлттық әдебиетіміздің қаймағы саналатын классик акындар мен жазушылар келді. Олардың барлығына да ресми билік барлық мүмкіндіктер туғызды. Үй-жай, қызмет жағынан қамтамасыз етілген. Бұл қамқорлық әлі де жалғасады. Әрине, астананың мәдени ортаға айналуы ақын-жазушылармен сәткерлерге, олардың шығармашылық өнімділігіне тікелей байланысты. Бұл тұрғыдан келгенде ешкімге тұсау салынып жатқан жоқ. Осында келген ақын-жазушылардың кітаптары жарыққа шығып отыр, астана туралы поэмалар жазылып, әндер де орындалуда, Қалибек Қуанышбаев атындағы қазақ драма театрында, Астана Операда, Опера және балет театрында Елордаға арналған керемет драмалар, музыкалық опералар, пьесалар көптеп қойылауы.

– Астана сіздің шығармашылығыңызға қандай үлесін тигізді? Өміріңіздегі орны қандай? Өзіңіздің қандай жетістіктеріңізді осы қаламен байланыстыра берер едіңіз?

– 1998 жылдан Елордамен бірге жасасып келемін. Былайша айтқанда, қала менің көз алдымда бой көтерді. Астанамен бірге мен де есейдім. Осында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің БАҚ басқармасының басшысы, «Қазақстанға правда» республикалық газетінің бас редакторының орынбасары, «Зан» АҚ ашық акционерлік қоғамының Астана қаласындағы өкілдігін жетекшісі, «Қазақстан» РТРК ақпараттық қоғамы төрағасының бірінші орынбасары, «ҚазАқпарат» ұлттық компаниясы» АҚ вице-президенті, «Sunna.kz» ақпарат агенттігі бас директоры, «Еуразия + ОРТ» ЖШС бас директорының кеңесшісі тәрізді қызметтерді атқардым. Республикалық «Бас редакторлар клубы» қоғамдық бірлестігінің президенті болдым.

Мұндағы орта маған бірқатар маңызды саяси-әлеуметтік жобаларды іске асыруға молынан мүмкіндік берді. Атап айтқанда, жас Астананың имиджін қалыптастыру, сондай-ақ жастарды қолдау мақсатында «Астана – жастар көзімен» байқауы ұйымдастырылып, кейіннен бұл жоба «Еуразия сақинасы» халықаралық жастар ақпараттық форумына айналды. Қазақстан тарихында алғаш рет Қазақстан Республикасы журналистік этика Кодексі қабылданды. Отандық БАҚ-ты қолдау мақсатында «Қазақстандық БАҚ – EXPO» көрмесі ұйымдастырылды. «Қазақстанская правда» республикалық газетінің акциясы аясында Алатаудың Өтеміс сілемінде 4034 м биіктіктегі шын бағындырылып, ол «Қазақстанская правда» шыңы» ретінде ресми география картасына тіркелді.

Күнделікті жұмыстармен қатар шығармашылықпен де айналыстым. «Бұл жылдардың мен де бір куәсі» (2001 ж.), «Мұратымыз: жер, ниет, ар тазалығы» (2002 ж.), «Время жить и творить» (2006 ж.), «Қазақстан 2030: Болашақтың бағдаршамы» (2006 ж.), «Притяжение Родины» (2010 ж.), «Өткен күнде белгі бар» (2011 ж) атты публицистикалық жанрдағы кітаптар жазудың сәті түсті. Бұл кітаптар ҚР Ұлттық академиялық кітапхананың электрондық нұсқасында сақталған.

Бір сөзбен айтқанда, Елорда мен үшін жандық тарихтың толқынында қазақстандық жолдың басталғанын байқатып тұратын аса маңызды мәреге айналды. Соны сезінген тұста жүрегің бұлқына соға бастайды, ал жаныңды өрлік пен мақтаныш кернейді.

– Елордамыздың салынуы, саяси-әкімшілік және экономикалық-мәдени орталық ретінде қалыптасу жолы туралы келеті әңгімеңізге рақмет. Мереке құтты болсын!

Әңгімелескен Дархан МҰХАН



ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН

«ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ ТАРИХ ТАРАЗЫСЫНДА ТҰР»

(Соңы. Басы 1-бетте).

Әлем түпкілікті өзгерістердің алдында тұр. Сол себепті есте жоқ ескі заманды аңсамай, лингвистикалық мәдениеттің айналасын шиырлай бермей, тарихымызды да дәріптеп, салт-дәстүрімізді сақтай отырып, алға ұмтылуымыз қажет. Біздің мемлекеттік тілдің жағдайын қайта-қайта көтеріп, оның мүшкіл халі туралы айта бергенімізге өзге елдер, әсіресе Орталық Азиядағы мемлекеттер түсінбей, таңданыспен қарайды. Қазір – нағыз аз сөйлеп, көп іс тындыратын шақ. Олай болмаған жағдайда біз өзімізді халықаралық қоғамдастықтың алдында кемшін ұлт ретінде көрсетеміз. Ал енді не істеу керек?

Біріншіден, қазақ тілінде сөйлеу мақтанш болуы үшін қоғамда оған деген қажеттілікті арттырған жөн. Мемлекеттік қызметке, оның ішінде, халықпен тығыз жұмыс істейтін лауазымға тағайындап, мемлекеттік наградалармен марапаттап отырғанымыз дұрыс. Мұндай азаматтар қазақ тілінің деңгейін ұлтаралық қолданыс дәрежесіне көтеруге көмектеседі.

Екіншіден, біз қазақ тілін жақсы білетін өзге ұлт өкілдерін қолдауымыз керек. Оларды Парламентке, өкілетті органдарға сайлап, мемлекеттік қызмет жүйесіндегі жоғары лауазымдарға тағайындап, мемлекеттік наградалармен марапаттап отырғанымыз дұрыс. Мұндай азаматтар қазақ тілінің деңгейін ұлтаралық қолданыс дәрежесіне көтеруге көмектеседі.

Үшіншіден, қазақ тілін қолдану барысында фонетикалық және орфографиялық қателер жіберіп алатын отандастарымызға түсіністіктен қарап, толеранттылық танытуымыз керек. Мұндай азаматтар жастарымыздың арасында да аз емес. Олардың тапшылығын мазақ етпей, қайта қолдай түскеніміз жөн.

Төртіншіден, телевизиялық және радио хабарларының сапасын арттыру қажет. Бұл ақпарат өнімдері Ресей бағдарламаларының көшірмесіне емес, қайта қоғамдық ойдың қайнар көзіне айналуға тиіс. Арзан ойын-күлкіден гөрі, ұлттық идеяға қызмет ететін топырағымыздан тамыр алған төл бағдарламаларды мөлдірту қажет.

Меніңше, Орталық Азиядағы көршілеріміздің тәжірибесі бізге пайдалы әрі үлгі боларлықтай. Қазақ тілінің мәртебесін арттыру жолында кинематографияның да алар орны ерекше. Бізге тарихи оқиғаларды дәріптейтін, қазіргі қоғамды да бейнелейтін сапалы дүниелер керек. Қырғыз кинорежиссері «Құрманжан датқа» деген мәнді, мағыналы, көз қуанып, көңіл толатын фильм түсірді. Соған бар-жоғы 1,5 миллион доллар жұмсаған. Ал біздің кинематографистер бұдан әлдеқайда көп сұрайды. Ал түсірген дүниелерінің сапасы әрдайым көңілден шыға бермейді. Өкінішке қарай, бүгінде біздің киногерлер де ауызбіршілік таныта алмай отыр. Бұл – шығармашылықты тұралататын жағдай.

Әрине, ауызды қу шөптен сүрте беруге болмайды. Мені еліміздегі блогосфераның қазақ тіліне қарай ыңғайланып келе жатқаны қуантады. Дәй тұрғанмен, біз әсірәулетшілік пен радикализмге бой алдырмауымыз қажет. Сондай-ақ қазақ тілін дамытамыз деп орыс тілінің мәртебесін шектеуіміз керек. Жоғарыда айтқанымыздай, тіл мәселесінің астарында үлкен саясат бар. Сондықтан бұл тұрғыда асығыстық пен жаппай ұрандату мемлекеттігімізге қауіпті тигізуі мүмкін. Жалпы алғанда, жоғары оқу орындарында нақты ғылымдарды орыс тілінде оқыта берген жөн. Осы ретте бізге Малайзияның тәжірибесі үлгі бола алады. Бұл ел алғашқыда ағылшын тілінен бас тартып, кейіннен ойлана келе, оны жоғары оқу орындарында және дипломатиялық қарым-қатынастың құралы ретінде қалдырды. Біздің өскелең ұрпақ қазақ тілімен қатар, орыс тілін де еркін меңгеруі керек.

Бұл – уақыт талабы. Мектептердің бастауыш сыныптарында қазақ тіліне басымдық берілгені дұрыс. Орыс тілін де оқыту керек. Ал ағылшын тілін 5-6-сыныптардан бастап мектеп бағдарламасына енгізген абзал.

Қазір демографиялық ахуалдың өзі қазақ тілінің ұпайын түгендеу бағытына қарай дамып келеді. Яғни біз алға қойған мақсатымызға міндетті түрде жетеміз. Мұндай астары қалың, ел тағдырын шешетін іргелі істе асығыстыққа жол бермеу керек. Қайта әрбір әрекетімізді ақылға салып, мойнымыздағы тарихи жауапкершілікті барынша сезіне отырып жұмыс істегеніміз дұрыс. Осындай өркендеті қаламдардың нәтижесінде ғана қазақ тілі ғылым тіліне айналады.

Бәрімізді, әсіресе жастарды «Ары қарай қалай өмір сүреміз?» деген сауал мазалайды. Осындай сәтте біздің көзқарасымыз, болмысымыз, осы біз өмір сүріп жатқан жаңа заманның талабына сай болуы керек. Яғни тарихи тұрғыдан жаңартылған құндылықтарға бет бұруға тиіспіз. Бізге қазіргі заманның сын-кәтерлеріне төтеп беретін ақыл-ой тұжырымы қажет. Жоғары заманауи технология, роботтар, жасанды интеллект дәуірінде ақыл-кеңес түсінігі ерекше маңызды болмақ. Жаңа заманда ар, намыс, ұят сияқты адами қасиеттерге қажеттілік бола ма? Менің ойымша, бұл – зиялы қауым өкілдері талқылайтын ауқымды философиялық мәселе. Үлгі-өнеге, ұлттық құндылықтар болмаса, машиналар мен роботтар әлемінде жұтылып кететініміз сөзсіз. Біздің ұлы ақын-жазушыларымыздың шығармалары да маңызын жоғалтпады. Әрине, мұндай жағдайдың мүлде болмағаны жақсы. Сондықтан зиялы қауым өкілдері болашақ өмір туралы мәселені қазірден ой таразысына сала беруге тиіс.

– «Еңбекпен тапқан нан тәтті» дейтін ата-бабалымыздан келе жатқан тәміс бар. Күні кешегі үлкендердің әңгімесінен де еңбекке, еңбек адамна деген ерекше құрметті байқайтынбыз. Қазір елдің еңбекке етене араласуы үшін Сіздің тапсырмаңызбен Үкімет бірқатар бағдарламаларды қолға алып, лайықты деңгейде жүзеге асырып отыр. Ел мен жерді еңбекпен көркейту үшін қандай жаңа қадамдар мен жобалар жасауды керек?

– Әлем жұртшылығы қазақ халқының көңілі дарқан, ғаламдық құбылыстарды өзінің қалыптасқан философиялық көзқарасы арқылы қабылдай алатын ұлт



ретінде танып, біледі. Шыдамдылық пен жанашырлық – қанымызда бар қасиет. Осынау Ұлы далаға ең алғаш табаны тиген саяхатшылар алдымен біздің осы ерекшеліктерімізді баса айтқан. Сонымен қатар біз Абайдың өшпес туындысы – «Қара сөздерде» айтылған өз кемшіліктерімізді де жақсы білеміз. Айтпақшы, осы арада Мұрат Әуезовтің «Қара сөздерге» «Ғажият» деген екінші атау берейік деген ұсынысын қолдайтынымызды айта кетейін.

Өкінішке қарай, кейбір жағдайда біздің еңбекке байланысты қарым-қатынасымызға сыни көзқараспен қарайтындар аз емес. Бұл жағдай менің көңіліме қауа салады. Біз қоғамның еңбеккерлерге деген көзқарасын түпкілікті өзгертуіміз керек. Әрбір еңбек құрметке лайық болуы қажет. Сондықтан мен «Халық алғысы» деген мемлекеттік награда тағайындадым. Ал еңбектегі табысы үшін берілетін «Еңбек Даңқы» орденінің мәртебесін көтеру жөнінде шешім қабылдадым.

Бытыр Ақордаға мекемелер мен ауылдардағы қарапайым жұмысшыларды арнайы шақырып, марапаттадық.

Біз осындай еңбек адамдарына деген құрметті арттырып, ел сүйсініп қарайтындай жағдай жасауымыз қажет. Сол арқылы өскелең ұрпақ қоғамның құрметіне бөлену үшін жоғары мемлекеттік лауазымдарды иеленбей-ақ, өз ісін тыңғылықты, мұқият атқарса жеткілікті екенін түсінуге тиіс. Үкімет менің тапсырмам бойынша «Жұмыс күн қамтуы жол картасын» әзірледі. Оны іске асыру үшін шамамен 1 триллион теңгеге дейін қаржы жұмсалды. Жақында мен Үкіметтің уақытша жұмыс орындарын ашуға ғана әуес болып, тұрақты жұмыс орындарын көптеп ашуды назардан шығарып алғанын сыныға алдым. Бүгінде біздің елде 2 миллионға жуық адам өзін-өзі жұмыспен қамтып отыр. Жұмыссыздар саны да көп.

Бұл – өте күрделі әлеуметтік мәселе. Оны шұғыл шешпесе болмайды. Еңбекке баулу идеологиясы атакты ақын-жазушыларымыздың шығармашылығында барынша көрініс тауып, алдыңғы қатарда насихатталуы керек деп санаймын. Қазір «Тойың тойға ұлассын» деп өңдептіп, той тойлап жүретін уақыт емес. Бүгінгідей технологияның заманында той-томалақтың өңгімесін айтып, бір-бірін асыра мақтап, ас ішіп, аяқ босатқанға риза кейіпте жүру әдетінен арылу керек. Тіпті осындай қауіпті пандемия кезінде кейбір азаматтарымыз маған хат жазып, той өткізуге мүмкіндік беру керек деп талап қояды. Мемлекеттің өзі өлермендікпен өмір сүретін кезге келдік. Сондықтан еңбек ету – өмір сүру салтына айналып, басты міндет саналуға тиіс. Той қуалайтын емес, ой қуалайтын кезеңмен бетпе-бет келдік. Бұл дәуір – ақыл-ойдың, ғылым мен білімнің, еңбектің дәуірі!

Шын мәнінде, озық ойлы зиялы қауымның пікірі әлеуметтік шиеленіс кезінде маңызды рөл атқарады. Адамдар ақыл-парасаты арқылы ішкі түйсігіне құлақ асып, өзіне қажетті қорытынды жасап, өткен істен сабақ алады. Әсіресе бұл ежелден келе жатқан дәстүрі бар біздің қоғам үшін өте өзекті. Пандемия кезінде мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қосқан елеулі үлесі үшін барша зиялы қауым өкілдеріне, оның ішінде академик Төрегелді Шармановқа шынайы ризашылығымыз білдіреміз. Сондай-ақ біздің белгілі ақын-жазушыларымыз соңғы кездегі оқиғаларға белсендірек араласып, жастарға өмірлік тәжірибесін үйретіп, темірқазық секілді жол көрсете алады деп ойлаймын.

– Қазір әлем өзгерген. Қалай болғанда да жаһандандудың көшінен қалып, есік-тереземізді қымтап жауып тастап отыра алмаймыз. Есік-тереземізді тас бұрқеп, шекараларымызды иезгендеп, қақпаларымызды сом темір іліп қоятын тас дәуірі емес. Бармасақ, келмесек – ел жарылады, алмасақ, бермесек – дем тарылады.

Мемлекетаралық жағдайды жақсы білетін маман ретінде әлемдік ұлттар мозаикасына өз реңімізбен, қазақ болмыс-табиғатымызбен қосылу үшін қандай қадамдар жасау керектігін нақтылап түсіндіріп берсеңіз...

– Шынында да, әлем өзгерді. Мызғымастай көрінген жаһандану үрдісі пандемияның әсерінен кідіріп кетті. Мемлекеттер өзін-өзі оқшаулауға, «әркім өз күнін өзі көрсін» қағидатына баса мән бере бастады. Халықаралық қатынастарда ұлттылыққа бет бұру үрдісі артып келе жатқаны байқалады. Мен мұны 2008 жылы ертерек болжап айттым. Бірақ ол кезде менің тұжырымды саясаткерлер мен ғалымдар қолдамады. Тіпті коронавирусқа қарсы вакцина әзірлеу ісі де халықаралық ынтымақтастықтан тыс, «әркім өзі үшін» қағидаты бойынша жүзеге асырылуда.

Әлемде өзге баламасы жоқ Біріккен Ұлттар Ұйымы өзінің атына заты сай бірегей халықаралық ұйым ретінде пандемия кезінде аса белсенділік таныта қоймады.

Ірі державалар арасында текетірес күшейіп келеді. Аймақтардағы қақтығыстар шиеленісе түсті. Бұл – өңірлік мемлекет ретіндегі Қазақстан үшін қолайсыз үрдіс.

Біздің экономикамыз санкциялық соғыстар мен саяси текетіретерден шығынға ұшырауда. Еліміз өзінің бейбітсүйгіштігі мен өңірлік қауіпсіздікке сындарлы үлес қосуға әзірлігін тұрақты түрде көрсетіп келеді. Елбасымыз ядролық қаруға қарсы қозғалыстың көшбасшысы әрі жаппай қарусыздану саясатының нағыз жақтаушысы ретінде бүкіл әлемге танылды.

Тәуелсіздік жылдары бұл бағытты нығайту үшін көп жұмыс атқарылды. Ең бастысы – мемлекеттік шекарамыздың беріктігі! Қазақстанның Ресеймен, Қытаймен және Орталық Азия мемлекеттерімен арадағы шекарасының заңды түрде рәсімделіп, белгіленуінің, шын мәнінде, тарихи да, саяси да мәні зор. Шекара мәселесінде құжатты түрде екіжақты келісімнің болмауы қандай ауыр әрі ауқымды зардаптар мен қайшылықтарға әкелетінін көзіміз көріп отыр. Алыстан да, жақыннан да мысалдар аз емес.

Қазақстанның халықаралық дипломатияда бейбіт әлем туралы әрдайым өзіндік түсінігі, өзіне тән ерекшелігі болды. Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаев көпекторлы, теңгерімді сыртқы саясатта Ресеймен стратегиялық серіктестікті, ынтымақтастықты нығайтуға және өңірлік интеграцияға баса мән берді. Бұл – дұрыс таңдау болды. Дегенмен, әлемдегі ахуал бір орнында тұрмайды, алпауыт мемлекеттердің геосаяси мақсаты өзгеруде. Осындай жағдайда Қазақстан бірінші кезекте өзінің ұлттық мүддесін қорғауға міндетті. Сондықтан мен Еуразиялық экономикалық одақтың биылғы 19 мамырда өткен саммитінде интеграцияны Қазақстанның егемендігіне нұқсан келмейтін жағдайда ғана қолдайтындымызды ашық айттым.

– Қоғамдық тәртіп мәселесі туралы сауалды да айналып өте алмаймыз. Жұдырық бетке тигенде дейін» демократия сақталатынын белгілі. Бейбіт шерулерге шығатын азаматтарыңыз ежеке бас қауіпсіздігі мен қоғамдық тәртіпті сақтауы қалай реттеледі?

– Бейбіт жиындар мен митингтерге қатысу – Қазақстан азаматтарының конституциялық құқығы. Ата заңымыздың келілі ретінде азаматтардың құқығын толық қамтамасыз ету – менің міндетім. Бұл жөнінде былтырғы Жолдауымда айттым.

Парламент «Бейбіт жиындар туралы» жаңа заң қабылдады. Қоғамдық сараптамадан өткен аталған заң – менің ойымша, еліміздегі демократияны ілгерілету үшін жасаған маңызды қадам. Енді бейбіт жиындарды өткізу үшін рұқсат сұрамай-ақ, бес күн бұрын жергілікті билікке ескерте жеткізілді. Осындай жиындарды өткізу үшін бірқатар арнайы орындар бөлінді. Митинг ұйымдастырушылардан қоғамдық тәртіп пен азаматтардың тыныштығын бұзбау талап етілді. Сондай-ақ олар Конституцияға қайшы келетін үндеулермен шықпауы, ұлтаралық және әлеуметтік алауыздық туғызуы қажет. Бұл – қалыпты жағдай. Әсіресе АҚШ-та және басқа да дамыған елдерде болған соңғы оқиғаларды ескеру керек.

Халықаралық құқық қорғау ұйымдарынан грант алатын кейбір азаматтарымыз қабылданған заңды негізсіз сынайды. Олардың пікірінше, Қазақстанда «Митингке қашан шығамын? Кіммен шығамын және қай жерде өткіземін? Яғни өзін білем» деген жүткенсіздік қағидаты болуы керек екен. Әсіресе солардың митингке шетел азаматтары мен көмекшіге толмаған балалардың қатысуын талап етуін шектен шыққандық деп санаймын. Олардың ойы белгілі. Ондай адамдарға тыныштық пен тұрақтылық қажет емес. Ал біз қарқынды дамыған, татулығы жарасқан Тәуелсіз Қазақстанды сақтауымыз керек. Халық ең алдымен ел іргесінің беріктігін терең жауапкершілікпен сезінуі керек. Сонымен қатар мемлекет өз азаматтарының заңды талаптарына құлақ асуға, қаржылық және құқықтық мүмкіндіктер аясында оларға жәрдем беруге міндетті.

Жастар үшін әлеуметтік лифт орнықтыру керек. Мемлекеттік басқару ісіндегі және идеология саласындағы қателіктерді дер кезінде түзеткен жөн. Егер жұмыс осылай жүретін болса, сөзсіз әділдік орнайды. Мен мұны сайлау алдындағы бағдарламада айтқан болатынымын. Сонда митингтің де қажеті болмай қалады.

Соңғы кездері елімізде «митингшілік» белең алуға. Көбінесе азаматтарымыз сырттағы біреулердің арандатушылық ұрандарына еріп жүр. Бұл – аймақтық бәсекелестік күшейіп келе жатқан халықаралық аренада Қазақстанды ыңғайсыз жағдайға қалдырып отыр.

Қазақстан мен Өзбекстан – Орталық Азиядағы ең ірі мемлекеттер. Екі ел арасында кең ауқымды ынтымақтастық артып келеді. Бұл жерде экономикалық бәсекелестіктің де болатынын жоққа шығармаймыз. Осы жағдайларды әрқашан есте ұстау керек. Қазақстан

өзінің көшбасшылық позициясын сақтап қалуға міндетті. Ол үшін елімізде тұрақтылық болуға тиіс. Егер ішкі мәдениетімізге салсақ, ол тұрақтылықты күшті құрылымдар емес, бірінші кезекте халықтың өзі қамтамасыз етуі қажет.

Бірақ бұл мемлекеттік тілге қатысты жұмыстарды тоқтатып қою керек дегенді білдірмейді. Қайта оны ың-шыңсыз, айғайламай, қызбалыққа салып-бай, бірақ табанды түрде жалғастыра беру қажет. Бұл орайда Өзбекстанның тәжірибесін мысалға келтіруге болады. Олар өздеріне тән жайлы мінезін салып, ұрандатып-шұлатпай-ақ, қажет кезінде орыс тіліне де жүгіне отырып, тіл мәселесін толық шешіп алды. Менің таңғалатыным, Өзбекстанның мемлекеттік органдарында әлі күнге дейін орыс тілі қолданылады. Тіпті олардың тұтас тарихында да осылай болған. Өзбектер қоғамдық қатынастарды саясиландырмай, еңбек пен саудаға басымдық беріп, XX ғасырдың бас кезіндегі аз ғана халықтан қазір Орталық Азиядағы ең үлкен ұлтқа айналды. Сондықтан ұлы Абайдың өзбек халқына қатысты айтқан парасатты ой-пікірі қазіргі технология ғасырында да өзінің өзектілігін жоғалтпағанын байқаймыз. Өзбектер саясатқа құмар емес, олар еңбек еткенді құптағайды. Бұл ел көшеде ұрандатып шеруге шығып жүрген жоқ. Қайта жасампаздыққа жетелейтін еңбекпен айналысып жатыр.

– Пандемия болсын, басқа да жағдайлар болсын, ел ең алабымен зиялының сөзіне құлақ асып, ойын білгісі келеді. Жалпы ұлт қиын-қыстау күйдерде ғана емес, өзінің бүкіл жерін өтетін жолында нассоннар тұлғаларының соңынан ереді. Бұл орайда зиялы қауым қазір өз ролін дұрыс атқарып отыр деп есептейсіз бе? Бүгінгі таңда олардың қоғамдағы міндетін қалай елел, екіпейміз?

– Шын мәнінде, озық ойлы зиялы қауымның пікірі әлеуметтік шиеленіс кезінде маңызды рөл атқарады. Адамдар ақыл-парасаты арқылы ішкі түйсігіне құлақ асып, өзіне қажетті қорытынды жасап, өткен істен сабақ алады. Әсіресе бұл ежелден келе жатқан дәстүрі бар біздің қоғам үшін өте өзекті. Пандемия кезінде мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қосқан елеулі үлесі үшін барша зиялы қауым өкілдеріне, оның ішінде академик Төрегелді Шармановқа шынайы ризашылығымыз білдіреміз. Сондай-ақ біздің белгілі ақын-жазушыларымыз соңғы кездегі оқиғаларға белсендірек араласып, жастарға өмірлік тәжірибесін үйретіп, темірқазық секілді жол көрсете алады деп ойлаймын.

Қазір бүкіл дүниежүзі пандемия салдарынан күресіп жатыр. Әлемдік экономика көз алдымызда құлдырап, жұрттың өмір сүру салты өзгерді және осы үрдістер күн тәртібіндегі өзекті мәселелерге айналды. Міне, осындай кезіре қас ұрпаққа беделді ақыл-ой иелерінің парасатты пікірі ауадай қажет.

Бәрімізді, әсіресе жастарды «Ары қарай қалай өмір сүреміз?» деген сауал мазалайды. Осындай сәтте біздің көзқарасымыз, болмысымыз, осы біз өмір сүріп жатқан жаңа заманның талабына сай болуы керек. Яғни тарихи тұрғыдан жаңартылған құндылықтарға бет бұруға тиіспіз. Бізге қазіргі заманның сын-кәтерлеріне төтеп беретін ақыл-ой тұжырымы қажет. Жоғары заманауи технология, роботтар, жасанды интеллект дәуірінде ақыл-кеңес түсінігі ерекше маңызды болмақ.

Жаңа заманда ар, намыс, ұят сияқты адами қасиеттерге қажеттілік бола ма? Менің ойымша, бұл – зиялы қауым өкілдері талқылайтын ауқымды философиялық мәселе. Үлгі-өнеге, ұлттық құндылықтар болмаса, машиналар мен роботтар әлемінде жұтылып кететініміз сөзсіз. Біздің ұлы ақын-жазушыларымыздың шығармалары да маңызын жоғалтпады.

Әрине, мұндай жағдайдың мүлде болмағаны жақсы. Сондықтан зиялы қауым өкілдері болашақ өмір туралы мәселені қазірден ой таразысына сала беруге тиіс.

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы! Ел басқару аса зор жауапкершілік жүктейді. Бір жыл – көп уақыт емес. Десек те, осы кезеңге саяси сараптама жасаған белгілі саясаттанушы Нұрлан Сейдіп мырза Сіз басқарған мерзім жөнінде «Сенім мен сынаққа толы жыл болды» деп тұжырымдапты. Осы орайда қолы бастаған тұлға ретінде еліңіз болашаққа деген сенім-сезіңізге қандай баға берер едіңіз?

– Баршаныңа мәлім, Қазақстан Президенті қызметін атқарған бір жыл оңай болған жоқ. Аталған мерзімді аса күрделі сынақтарды өткірген жыл деп айтуға болады. Дегенмен, мен халықтың қолдауын әрдайым сезіндім. Бұл маған күш-жігер беріп, мемлекет басқару ісін табысты жүргізуіме ықпал етті. Жыл бойы саяси және экономикалық салалар бойынша көптеген реформалар жүзеге асырылды. Бұл саясат алдағы кезеңдерде ғана қажетті. Осы бір қарапайым қағиданы ешқашан естен шығармауымыз қажет. Әлемдегі Қазақстанның жетістігін көре алмайтын, «мысықтылеу» саясаткерлер, тіпті мемлекеттер де бізден алыстап кеткен жоқ, манайымыздан ұзамай, әр қадамымызды бағып отыр. Сондықтан елімізді өркендету, көркейту – тек қана өз қолымызда. Біздің осындай сындарлы сәтте қателесуге еш қақымыз да, құқымыз да жоқ. Және мемлекет құрушы ұлт ретінде бұл мәселені бірінші кезекте өзіміз терең сезінуіміз қажет. Өйткені қазақ халқының тағдыры тарихи таразысында тұр...

– Құрметті Президент мырза! Қоғамдағы түрлі саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани маңызы бар мәселелерге байланысты арнайы уақытыңызды бөліп, Ұлт басшылығына сұхбат бергеніңіз үшін айрықша алғыс сезімімізді білдіреміз. Тәуелсіз Қазақстанның әлемдік геосаяси кеңістіктегі көші қолікті болғай! Еліміздің ішкі даудан, сырты жаудан аман болсын!

Сұхбаттасқан
Жанарбек ӘШІМЖАН



ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН

(Соңы. Басы 1-бетте).

Өңірлерде сауданың дамуына Батыс Сібір генерал губернаторының карантиндік бақылау мен казак станицаларындағы алым-салықтарды жойғаны ерекше әсер етті. Осы кезеңде 1830 жылдан бекініс станицасы ретінде қалыптасқан Ақмолада жаңа сауда орындары, мануфактура мен алғашқы банктер ашылды. Халық саны да өсе түсіп, 1862 жылы 7 мамырда Ресей империясының шешімімен Ақмолаға округтік қала мәртебесі берілді. Кейін – 1890 жылға қарай уез орталығы болып құрылған бұл қаланың құрамына Омбы, Петропавл, Көкшетау, Ақмола, Атбасар өңірлері енді. Жергілікті халық арасынан да есімі елге белгілі көпестер шыға бастады. Ақмолалық көпестерді жергілікті билік 10 жылға дейін түрлі алым-салықтар төлеуден босатты. Көпес – Ресейде 1775 жылы заң жүзінде рәсімделген қалалық сауда-кәсіпорын тобының өкілі саналатын. Қаржы-қаражатының мөлшеріне қарай берілетін үш түрлі гильдиялы көпес дәрежесі қазан төңкерісіне дейін сақталып келген болатын. Қазақстанда XX ғасырдың басында гильдиялы көпестер сауда капиталын дамытуда елеулі рөл атқарған. Ақмолалық көпестер дегенде, ең әуелі Қосшығұловтар әулеті, Галиасқар және Сыздық Халфиндер, Нұркен Забилов, Иван Силин, Петр Моисеев, Андриан және Матвей Кубриндер сияқты іскер ауқаттылардың есімдері еске түседі. Қазақстан Ұлттық музейінің «Жазба деректер қорында» аталған көпестер арасынан Қосшығұловтар мен Кубриндер туралы суреттер мен көптеген деректер сақталған.

Қазақтың алғашқы капиталистерінің бірі саналатын Баймұхамбет Қосшығұлов Жаңаарқа өңіріндегі Келтетал деген жердің тумасы. Руы – алсай. Оны жас кезінен бір татар көпесі өзіне көмекшілікке алып, сауда-саттықтың қыр-сырын үйретеді. Осы іспен айналысып жүргенде әкесі қазақ, шешесі татар Мәдина деген қызға үйленеді. Бұлардың отбасында Құрманғали, Мұхаметқали, Уәли, Нұрмұхамбет, Бекмұхамбет, Қадырқейі Есімді алты ұл және Райхан деген қыз, барлығы 7 перзент дүниеге келеді. Баймұхамбет Қосшығұловтың үш дүкені және кондитерлік фабрикасы болған. Оны жұрт Байқоп деп те атайтын. «Байқоптың көк дүкені» Ақмолада бертінге дейін болған екен. Кондитерлік және тоқаш фабрикасы Ақмоладағы бұрынғы Тұрмыстық қызмет көрсету үйінің маңында орналасқан. Кондитер фабрикасында бірнеше түрлі шоколад пен мұзды кәмпіттер шығарылған. Сол тұста Ақмоланың ұны мен қазақтың мал тұқымдары Ресейдің, Бұқараның, Хиуаның және Қоканның орталық базарларына шығарылатын. Сол уақытта қалада 100-ге тарта диірмен болыпты. Баймұхамбет сырт өңірлерге Ақмола ұнын ірі тасымалдаушы ретінде де танылған. Сондай-ақ, оның фабрикасынан шығатын тоқаш (пірәнік) туралы аңызға айналған әңгімелер де назар аударарлық. Император мұрагерінің 1891 жылы Омбы қаласына келу құрметіне пірәніктер көрмесі ұйымдастырылады. Әдетте Тула және Вязма пірәніктері ерекше сұранысқа ие екен. Бірақ, көрмеде күтпеген



жағдай орын алып, патша мұрагеріне ешкімге белгісіз пірәніктер ұнап қалыпты. Өндірушіні іздестіргенде, ол Баймұхамбет Қосшығұлов болып шығады. Ханзаданың Ақмола пірәнігінің құпиясы туралы сұрауына қазақ көпесі күлше дайындаудың ұлттық тәсілін айтады. Ақмоланың ақ ұнының даңқы Ресейге де жетіп тұрса керек. Осы ақ ұнға Көкшетаудың балы мен балқаймағы қосылып иленетінін айтады. Жұпар бұрыш, ұнтақталған қалампыр мен жусан қосылып жасалатын ашы тоқаштың да дайындалу жолын түсіндіреді. Сөйтіп тақ мұрагері губернаторға ақмолалық көсіпкерге қолдау көрсетуді қатаң тапсырады. Осы оқиғадан соң Б.Қосшығұлов Сібір банкісінен ірі заем алып, кәмпіт-пірәнік фабрикасының сызбасы мен құрал-жабдықтарын алуға Париж қаласына аттанады. Сонымен қатар ол француздардан кондитерлік істің шеберлігіне үйренеді. Қазіргі Республика мен Абай даңғылдарының қиылысындағы кондитер фабрикасының құрылысы осылай бой көтеріпті. Фабрианың хас шебер кондитері Дурахов деген кісі болса, Баймұхамбеттің оң қолы әрі сенімді көмекшісі өзінің бажасы Халиолла Нығматуллин болған көрінеді.

Өлкедегі сауда-саттықтың дамуына үлкен қолдау көрсеткен тұлғалардың бірі Ақмола округінің 1852-1865 жылдардағы аға сұлтаны Ыбырай Жайықбаев болатын. Ақмолалық көпестер мещенаттық пен қайырымдылыққа да зор үлестерін қосады. Қаладағы алғашқы мектептер, медреселер және театр тәрізді өнер орындары олардың тікелей атсалысуымен құрылды. Мәселен, Ақмоладан шыққан бірінші гильдиялы дәрежесіндегі көпес Баймұхамбет Қосшығұлов өз қаражатына мұсылман жастарына арнап мешіт пен медресе-мектеп тұрғызады. Мұғалімдердің жалақысы мен оқушылардың шәкіртақысын төлеп

отыруды мойнына алды. Ол 1905 жылы салдырған мектеп 1986 жылы жөнделіп, қалпына келтірілді. Көп жыл бойы «Қазкоммерцбанк», кейінгі уақытта Халық банкі орналасып келген бұл қаладағы тарихи мәні бар ғимараттар қатарына жатады. Ақмола станицасын құрушылардың бірі Константин есімді қазақтың ұлдары Андриан мен Матвей Кубриндер де ірі көпес ретінде белгілі болған. Андриан мал шаруашылығымен және шарап саудасымен айналысып байыған. Кейінірек сыра зауытын ашып, «Андриан Кубрин ұлдарымен» деген сауда үйінің негізін қалаған. Ол Ақмола думасының депутаттығына сайланып, қала істеріне белсене қатысқан. Александр Невский шіркеуінің құрылысына атсалысып, қаладағы бастауыш білімге қамқоршылық қоғамына, кейді отбасынан шыққан гимназияшыларға материалдық көмек беріп тұрған. Кубрин дүкені де Елорда көшіп келген кездегі көне ғимараттардың бірі болып, кейіннен «Астана» сауда үйі атын алған болатын. Өкінішке орай, кенес өкіметі орнағаннан кейін белгілі кәсіпкер көпестер мен олардың ұрпақтары қуғын-сүргінге ұшырап, мүліктері көпескеге ілігіді.

Ақмола қаласында 1914 жылы 3 кірпіш, 4 май өңдеу, 2 сабын қайнату, 1 сыра қайнату зауыты, 2 тері илеу және тон тігу фабрикасы болыпты. Қасапхана, 20-ға жуық түрлі шеберхана жұмыс істеген. Мәдени-ағарту саласында 3 жалпы білім беретін училище, мектеп, медресе, 2 кітапхана халық игілігіне айналған. Сол тұста қаладағы халық саны 15 мыңға жетіпті. Ақмола 1928-1930 жылдары округтің, 1930-1939 жылдарда ауданның орталығы ретінде мәлім болса, 1939 жылдың 14 қазанында облыстың өкімшілік орталығы болып құрылады. Алғашқы пойыз қалаға 1929 жылдың қараша айында келіпті. Елуінші жылдардың өзінде Ақмола еліміздің солтүстік және орталық өңіріндегі

теміржол көлігінің ірі торабына айналды. Соғыс жылдарында Ресейден көшірілген «Мелитополь» станок жасау зауытының негізінде «Қазаксельмаш» кәсіпорны құрылды. Бұл – еліміздегі ауыл шаруашылығы машиналарын жасау өнеркәсібінің негізін қалаған өндіріс болатын. Жеңіл өнеркәсіп өнімдерін шығару жолға қойылып, вагон жасау зауыты іске қосылды. Сондай-ақ, 1958 жылы қалада алғашқы жоғарғы оқу орны – ауыл шаруашылық институты ашылса, 1962 жылы педагогикалық, медициналық және инженерлік-құрылыс институттары қатарға қосылды.

КСРО кезінде тың және тыңайған жерлерді игеру дүрмегі аса қарқынды болғаны белгілі. Соған орай 1960 жылы 26 желтоқсанда Тың өлкесі құрылып, орталығы Ақмола қаласы болды. Қала атауы Целиноград болып өзгертілді. Сол замандағы ел басышы Никита Хрушев Тың өлкесін РКФСР құрамына беруге ұсыныс жасап, ұлтжанды азаматтардың аратусуімен ата-бабадан аманатқа қалған жер китұрқы саясаттың құрбаны болудан аман қалған-

тын. Ол да бір үлкен тарих. Тың өлкесі 1965 жылы таратылып, қала қайта құрылған Целиноград облысының орталығына айналды.

Тәуелсіздік таны атқаннан кейін 1992 жылдың 6 шілдесінде қалаға ежелгі Ақмола атауы қайтарылды. Көп кешікпей ұлы өзгерістерге сай Есіл жағалауындағы шаһар еліміздің жаңа астанасы ретінде таңдалды. Парламент сессиясының 1994 жылғы 6 шілдедегі жалпы отырысында Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев астананы Алматыдан еліміздің орталық өңірі Ақмолаға көшіру туралы ұсынысын білдіргенде көпшілік жұрт бұған аса күмәнмен қарағаны да шындық. ҚР Үкіметі 1996 жылғы 6 шілдеде «Қазақстан Республикасының астанасын көшіру туралы» тарихи қаулы қабылдағаны белгілі. Сол күн кейіннен дәстүрлі Астана күніне айналды. Ал, 1997 жылы 10 желтоқсанда Ақмола еліміздің астанасы болып ресми жарияланды. Елбасы Жарлығымен 1998 жылдың 6 мамырында Елордаға лайықталған қала Астана болып аталды.

Содан бергі кезеңде тарихы терең өлкеде енді жаңа астананың жасампаз шежіресі гасырға бергісіз өркенді өзгерістермен өрнектелуде. Көзді ашып-жұмғандай жейірма жылдың ол жақ-бұл жағында бұрынғы Ақмола шаһарының адам танымастай өзгеріп, қазақтың бетке ұстар жарық жұлдызындай жарқырап, жайнаған аймаңдай ордаға айналғаны ұдайы айтып келеміз. Қалың елдің көз алдындағы ол жағдай туралы бұл жолы көп қауамай-ақ қояйық. Қазақстанның жаңа Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұйсарымымен гасырға жүк болатын осындай орасан зор, гажайып жобаны жүзеге асырған Тұңғыш Президент, Елбасы Н.Назарбаевтың құрметіне Астана қаласының 2019 жылдың 20 наурызынан бастап Нұр-Сұлтан аталуы да бүгінде тарихтың жаңа бір жарқын бетіне айналып отыр.

Амандық РАХУ.ҰЫ,
Қазақстанның Құрметті журналисі

100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ

КИНО ТЕОРИЯСЫ

«Кино өнерінің теориясы» курсына арналған оқулық. Авторы – кино өнерінің белгілі теоретігі әрі оның тарихын зерттеуші, ол өз тұжырымдамасында киноны XX ғасырдың өнеріне байлайды; сондай-ақ бүгінгі адамзаттың рухани әлеміндегі киноның алар орнына баға береді.

Зерттеу аясы айтарлықтай ауқымды: мұнда классикалық кинодан бастап, қазіргі заманғы киноға дейін қамтылады. Автор кино мен телевизияның өзара қарым-қатынасына, «асқақ» және «аласа» жанрларға, кинодағы бүгінгі стильдерге, киноның тәсіліне және оның театр, әдебиет, кескіндеме және музыка тәсілдерінен өзіндік айырмашылығына баса назар аударады. Театр және кинематографиялық ЖОО студенттеріне арналған.

ҚАЗІРГІ БИЗНЕС КОММУНИКАЦИЯ

Коммуникация саласының белгілі мамандары ұсынған қолыңыздағы кітапта бизнес-коммуникацияға қатысты маңызды мәселелер, практикалар мен ұсыныстар кең ауқымда талқыланған.

Бұл кітаптың 14-басылымы болғандықтан, қалыптасқан дәстүр жалғасып, оқытуды жеңілдетуге, белсенді білім алуға мүмкіндік беретін, сыни тұрғыда ойлануды жетілдіруге қажет теңдессіз механизмдер жиынтығы енгізілген. Әр тараудағы оқыту мақсатының нақтылығы студенттерді материалды қабылдауға дайындап, тараудың мазмұнын қалыптастыруға негіз болады. Әр тараудың басы мен аяғында жетекші компаниялардағы даму сатылары түрлі мысалдармен беріліп, карьера жасағысы келген және оны әрі қарай дамытуды көздеген бизнес иелері үшін таптырмас бизнес-тәжірибе үлгілері, толымды зерттеулерге бай материалдар ұсынылған. Сонымен қатар, медиа, хат, ұсыныс, аудиторияға бейімделу, клиент тарту, оларға көңіл бөлу, жарнама, презентация, резюме, сұхбат туралы тарқатылып, бизнес әлемінде коммуникацияның алар орны ерекше екені кеңінен баяндалған. Сондай-ақ, онлайн режимдегі қы-

зметтер де назардан тыс қалмаған. Көпшілік алдында сөйлеу дағдысын жетілдіріп, әсер қалдыруды, өз ойын жеткізуді, қобалжу сезімін жөндуді үйренгісі келетіндер үшін авторлардың берер кенесі мол.

ТАРИХИ АНТРОПОЛОГИЯ

Оқу құралы оқырмандарды заманауи тарихи зерттеулердегі аса ықпалды бағыттардың бірімен таныстырады. Мұнда антропологиялық бағыттағы тарихтың бастапқы (металдылық тарихы) түрлерінен бастап, кейінгі түрлеріне (микротарихтар, күнделікті өмір тарихы, жаңа мәдени тарих) дейін қамтылған.

Тарихи-антропологиялық бағыттағы жұмыстардың жалпы сипатымен қатар, жекелеген ұлттық мектептердің (Франция, Италия, Германия, АҚШ, Ұлыбритания) өзіндік ерекшеліктеріне мән беріледі. Тарихшылар мен антропологтардың пәнаралық пікір алмасу мүмкіндіктеріне ерекше назар аударылады. Оқу құралы тарихқа маманданатын студенттер мен магистранттарға, сондай-ақ әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарды оқып-үйренуші жалпы қауымға арналған.

АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ

Бұл кітап – азаматтық процесс саласындағы Англияның ең танымал мамандарының бірі, Кембридж университетінің профессоры Нил Эндрюс дайындаған оқу құралы.

Автор әрбір тарауды жан-жақты зерттей келе, азаматтық процессті пікірталастарды баяндайды, Англияның құқық жүйесіндегі реформаларға және дауды реттеудің балама жолдарына тоқталады. Дауды шешу және реттеу үшін бизнесмендер ағылшын сотына жүгінетін қазіргі таңда кітаптың берер мағлұматы мол. Әсіресе еліміздегі сот саласындағы реформаларды ескерсек, қай нормаларды дамыту керек, олардың қайсысы ағылшын практикасында әтсіздікке ұшырады, сот жүйесінде қандай норма башылыққа алынуы керек деген сұрақтарға жауапты осы кітаптан таба аласыз.



ТАЛАПҚЕР – 2020

ГРАНТҚА ҚАЛАЙ ТҮСУГЕ БОЛАДЫ?

биыл тест тапсырғандар үшін таптырмас нұсқаулық



ҰБТ біткен соң грант үшін талас басталады. Мамандық таңдауда негіз ескеру керек? Грантқа түсудің қандай амалдары бар? Республикалық QAZBILIM орталығының бас директоры Аятжан АХМЕТЖАНҰЛЫ талапкерге құнды кеңестер айтты.



тың 4 пайызы. Бүгінде кей мамандықтар бойынша ауыл квотасын 50 пайызға көтеру жайлы ұсыныс айтылып жатыр.

Женілдікпен грант алғандар оның жауапкершілігін білуі тиіс. Оқу орнына барған соң квота бойынша оқығандармен келісім-шарт жасалады. Яғни қайтарым ретінде үш жыл ауылда істеу міндеттеледі. Осыған дайын болсаңыз ғана грантты алыңыз. Олай болмаған жағдайда мемлекеттің теңін оқытқан қаражатын қайтару керек болады. Бұл бір жағы әділетті деп есептеймін.

Құжат тапсыру мен университет таңдау

Барлығының тест тапсырып болғанын күтіңіз. Содан кейін сараптама жасауға көпесіз. Балл жоғары, сенімді болса, 13 шілдеде мамандық таңдау басталады. Бірден барып, тапсыра беріңіз. Ал түспей калуыңыз мүмкін болса, соңын күтіңіз. Мамандықты 18-20 шілде арасы, жұрттың соңында тапсырыңыз. Себебі, ҰТО әр күні бір мамандықты неше адам таңдағаны туралы статистика жариялайды, соған қарап отырып, өз балыңызбен таңдаған мамандыққа түсу-түспейуіңізді 90% жеңелеуге болады. Мысалы, бір грантқа 5 адамнан артық таласып тұрса, зор болмақ. Бір грантқа 0,7 адам таласып тұрған мамандықты ойланбай таңдай беріңіз. Құжатты 20 шілде, сағат 18.00-ге дейін тапсырып болсаңыз болғаны. Ерте тапсыру мен кеш тапсырудың конкурсы еш қатысы жоқ. Сондықтан, асығып қате таңдап қоймаңыз.

Аз балл жинағандар өзін бағамдасын. Яғни ендігі жылға дейін дайындалып, қайта тапсырып грантқа түсеуіне ниетті болса, кешенді тестілеу тапсырыңыз. Ал егер биылғыдан еш сабақ алмайтын болса, босқа сабылмай ақылы бөлімде оқи бергені дұрыс.

Өз басым ақылы бөлімде оқуды дұрыс шешім деп ойламаймын. Себебі мемлекет 50 мыңнан астам грант бөледі. Биыл ҰБТ-ны 131 мың талапкер тапсырды. Оның ішінде шектік балл алғандар шамамен 90-100 мың айналасында болады. Енді қараңыз, әр екі адамға — бір грант. Демек, мүмкіндік көп. Неге пайдаланбақпа? Мысалы АҚШ грант бермейді. Қытайда бір жылда 2 млн 800 мың бала бітіреді, грант саны — 6 мың. Бәсеке қандай? Оның қасында Қазақстан грантты үй-іп-төгіп береді.

Университетті өз қалаңыздан басқа қалада оқуға кеңес беремін. «Балаң адам болсын десең, сыртқа айда» дейді. «Ақ алақан» маман болып шықпас үшін университетті басқа қалада оқып, сол де болса ыстық-суықты бастан кешіңіз. Үйдің қасында оқу — жан кинамаудың тамаша әдісі, бірақ, үй қасында да мәңгі тұрмайды.

Тұлға ретінде қалыптасып болған соң ғана шешетіні ескеріп білген соң баратын қадам сияқты. Бакалаврды емес, магистратура мен докторантураны шешетіні оқыған жөн-ақ. Әрі магистратураны да бірден оқығаннан гөрі араға үш жылдай салып оқыса жақсырақ. Осы уақыт ішінде өзіңізді сынай, сол салада еңбек етуге дайынсыз ба, тексеріп көріңіз. Сосын егер дайын болсаңыз, оқуды әрмен қарай жалғастырасыз...

Дереккөз: kursiv.kz

Мамандық таңдау және грант мәселесі

Жинаған ұпайдың орташа не төмен болуы бірінші кезекте таңдау пәніне байланысты. Себебі кей таңдау пәнінде мамандық саны аз болады. Айтпалық география және ағылшын тілі, қазақ тілі мен қазақ әдебиетінде 4-5 мамандық қана бар. Ал енді физика және математикада болса — 25. Сондықтан мамандық саны аз болса, демек грант та аз болады деген сөз. Мысалы физика/математика таңдаған баланың 90 балл жинағаны норма болғанымен, география/ағылшыннан тапсырғандар үшін олай емес.

Таңдау пәндерінде 21-30 аралығындағы сұрақтардың бірнеше дұрыс жауабы бар. Ол жерде максимум үш жауап дұрыс болады. Бір сұраққа дұрыс жауап берсе, екі балл беріледі. Таңдау пәнінен жалпы — 80, міндеттілерден — 60 балл.

Есіңізде болсын, грант университет, облысқа емес, мамандыққа бөлінеді. Сондықтан құжат тапсырғанда бір мамандықты төрт оқу орнынан белгілеудің түк қажеті жоқ. Бір мамандықты бір университеттен жазсаңыз жеткілікті. Қазір ҚазҰУ-ға — 40, ЕУУ-ға 50 грант деген жоқ. Балл жоғары болса, таңдаған оқу орныңызда оқи бересіз. Құжат қабылдаған университет өзін таңдауды, өзінде бар мамандықты таңдауды ұсынуы, тіпті кейбір «өбдіз» таңдамасын, құжаттың аймаймыз» деуі мүмкін. Бұл заңсыз! Өзіңізге ең жақын университетке құжат тапсырып, басқа университетті, қалаған мамандықты таңдай аласыз. Сосын грант иетерлері тізімі шыққан соң, өзіндік түскен университетке құжаттыңызды алып, бара бересіз. Бірақ таңдаған университетіңізді қалаған мамандығыңыз бар ма — анықтап алыңыз.

Откен жылғы статистикамен дос болыңыз. Әр мамандық бойынша бытыр қанша баллмен түскенін қарау қажет. Әрине, әр жылдағы жағдай әр түрлі. Дегенмен 5-10 айырмашылықпен алып, шамалауға болады. Мысалы биылғы ҰБТ-ның тазағылды бытырғандар жоғары өтіп жатыр. Бұл дегеніміз баллдың төмендейтін білдіреді. Күнделікті статистиканы бақылап отырмыз. Нәтиже төмендеуі, бірақ аса қатты емес. Бытырғандар қанша ұпаймен грантқа түскенін интернеттен табу оңай. Жалпы конкурспен ең төменгі балл қанша болғаны, квоталармен қанша болғаны бәрі көрініп тұр.

Грант көп бөлінген мамандыққа жүгірмеген дұрыс. Бұл жерде мәселе грант санында емес. Бастысы — сол мамандықты қанша адам таңдағаны. Ұлттық тестілеу орталығы (ҰТО) жылда әр мамандық бойынша қанша адам тапсырғаны туралы ақпарат беріп отырады. Одан бөлек, арнайы сайттар мен қосымшалар да бар. Сол жерден қарап, сараптаңыз. Грант көп мамандықты — көп адам, аз грантты аз адам таңдауы мүмкін.

Бізге мамандық таңдағанда қобіне танымал түріне құмар. Жалпы саны 175 бағдарлама бар. Жұрттың білетіні — әрі кетсе 20. Содан бәрі соған жүгіреді. Осы ретте айтқым келетіні: танымал мамандықты ілініп-салынып бітіргенше, ел меніңбейтін мамандықты жоғары деңгейде оқып шыққан табысқа жетелеуі мүмкін.

Мамандықты таңдағанда шамаға қарау керек. Мысалы «Стоматология» 30 грант қана бөлінеді.

делік. 110-115 ұпаймен оған тапсырып қажет емес. Өйткені түсе алмайды. Бұл жерде маңыздысы, баланың мамандықты әлде грантты таңдағаны. Егер соңғысы болса, онда ойлану керек.

Біздің тағы бір мәселе: көбіне оқушылар мамандық емес, мамандық (мамасы таңдаған мамандық — авт.) таңдайды. Кезінде қолы жетпеген дүниеге баласын жібергісі келіп тұрады. Бірақ бұл — баланы шектеу. Оқушы мүмкіндігі мен бағытына өзі жауап беруі тиіс. «Кезінде ана мамандықты оқығанда керемет маман болар ем, ата-анам таңдаптай қойған» деген өкініш болмасын. Бала тіпті қателессе де, ештеңе емес. Өзім 13 жасыма қалаға оқуға кеттім. Сол кезден бері мәселеме ата-анам араласқан емес. Бала болашағын өзі таңдасын. Әрине, кеңес беруге болады. Бірақ міндеттеудің қажеті жоқ.

Бұрын «тым құрыса педагогикаға түсе аламын» деген ой бар-тын. Енді оңдай болмайды. Өйткені бұл мамандықтың шәкіртқақсы басқасынан 16 мың теңгеге жоғары — 42 мың теңге. Оның үстіне ұстаздардың жалқысы да көтеріліп жатыр. Демек, мұғалімдікке талас көп болады. «Қай мамандықты таңдасам, болашақта жақсы маман бола аламын?» деген сұраққа жауап беріп барып таңдау қажет.

«Адам екі нәрседен қателеспеуі керек: жар мен мамандық таңдауда» деген бар. Алғашқысымен келесімін, жар деген — өмірлік серік. Ал енді мамандық таңдауды сонышалық маңызды дүние демес ем. Мәселен табысты адамдардың мамандығын қарап көріңіз. Алысқа бармай еліміздің ішінен де оңдай мысалды көп айтуға болады. Экс-президент — металлург; бұрынғы елші Иманғали Тасмағамбетов пен Президентің кенешшісі Ерлан Қарин — мұғалім. Қандай мамандыққа оқысаңыз да, тұлға болып шығуы ғана маңызды.

Биыл грант конкурсы орыс тобы, қазақ тобы деп бөлінбейді. Бұл да қазақ топтары үшін көптеген мамандықтың грант балының төмендеуіне әсер етеді. Енді орыс тобы мен қазақ тобында айырмашылық болмайды. Сондықтан, орыс тобы төмен болады деп орыс тобына талпынбаңыз. Енді бәрі бірдей.

Сонымен бірге медициналық немесе педагогикалық мамандық таңдағандар психологиялық тесттен өтеді. Оны 15 шілдеге дейін тапсырып болу керек. Егер тапсырмаса, ол мамандықты таңдай алмай қалады.

Квоталар туралы

Ауыл квотасы, оралман квотасы барлық мамандыққа берілмейді. Мысалы «Халықаралық қатынастарда» ауыл квотасы болмайды. Себебі ол жеңілдік бойынша түскендер кейін үш жыл ауылда жұмыс істеуге міндетті. Халықаралық қатынастарды бітіріп, ауылда істеу мүмкін емес. Ядролық физика мамандығында да солай. Дұрысы, квоталар берілетін мамандық тізімін қарап шығу. Тағы бір ескерткім дүние — ауыл квотасының берілуі туралы. Бұл жерде балл қосып бермейді. Белгілетін барлық гранттың 30 пайызы — ауылдықтарға. Яғни 100 грант болса, алдымен 70-сі жалпы конкур бойынша тағайындалады да, қалған 30-ы — әлгі жетпіс грантқа ілінбей қалған ауыл балаларына беріледі. Оралман квотасы болса, барлық грант-

«БЖЗҚ» ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ЗЕЙНЕТАҚЫНЫ АЛУҒА УАҚЫТЫЛЫ ХАБАРЛАСҢЫЗ

Откен өміріне сын көзбен қарап, өзіне есеп беретін ең саналы кезең — «алтын күзді» басынан әр адам өткереді. Көпшілігіміз бұл сәтті тазартуға күйеміз, бірақ күнделікті күйбегімізді тірілікпен жүріп, бұл күн туралы мүлде ұмытып кетеміз немесе зейнетақыны ресімдеуді кейінге қалдыратындар да жоқ емес. Сондықтан зейнетақыны дер кезінде негізден ресімдеу керектігін біз «Бірыңғай жинақталушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Жезқазған аймақтық филиалының директоры Қайрат ЕСБОЛАТОВТАН білген едік.

Зейнет жасасана толған адамға қашан және қайда хабарласу керек?

Заңда белгіленген зейнеткерлік жасқа толуына және еңбек сіңірген демалысқа шығуына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін алушыларға тұрғылықты жері бойынша Халыққа қызмет көрсету орталығына немесе электрондық үкіметтің веб-порталы арқылы ЭЦҚ пайдалана отырып жүгіну қажет.

Бұл тек БЖЗҚ-дан берілетін төлемдерге қатысты ма әлде мемлекеттік зейнетақы төлемдері үшін де осындай әрекет жасалуы керек пе?

Бұрын бұл екі түрлі өтініш беру арқылы жасалатын: зейнетақы жинақтары төлемін алу үшін жұртшылық БЖЗҚ-ға, Мемлекеттік зейнетақы тағайындау үшін ХҚКО-ға жүгінетін. Ал 2018 жылдың қазан айынан бастап мемлекеттік бюджеттен және БЖЗҚ-дан жасасна байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындауға ХҚКО-ға бірыңғай өтініш беру бойынша «композитті» қызмет енгізілді.

Бұл өте ыңғайлы екен! Мұны қай кезде жасау керек?

ХҚКО-ға зейнетақы алу үшін берілетін өтініш пен құжаттарды зейнет жасына толғанда дейін 10 күнтізбелік күн бұрын беруге болады.

Әсіресе бұл мемлекеттік зейнетақы алу үшін маңызды, өйткені ұсынылған құжаттар бойынша еңбек отіліп тексеру қажет, сондай-ақ, заң бойынша жасына байланысты зейнетақы мен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау өтініш берілген күннен бастап жүргізіледі. Өтініш пен қажетті құжаттар Мемлекеттік корпорацияда (ХҚКО) тіркелген күні берілетін күн болып есептеледі.

Естеріңізге сала кетейік, жасына байланысты берілетін зейнетақының біздің елімізде жалпыға бірдей тағайындалған зейнеткерлік жасқа толған адамдар ала алады: ерлер — 63 жаста, әйелдер 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап 59,5 жасқа толғанда (жыл сайын әйелдердің зейнеткерлік жасы өсе береді, ол 2027 жылы ерлердің зейнет жасымен теңескенге дейін жалғасады).

Сондай-ақ, БЖЗҚ-ға зейнетақы төлемдерін алу үшін егер мүддектігі мерзіміз уақытқа тағайындалған болса, бірінші және екінші топтардағы мүддектігі бар, БЖЗҚ-да міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік



зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары бар адамдар жүгіне алады.

Сіз бірінші және екінші топтағы мүддектігі бар адамдар туралы айтқыңыз, оларға да ХҚКО-ға келу керек пе?

Егер мүддектігі мерзіміз уақытқа тағайындалған болса, бірінші және екінші топтағы мүддектігі бар адамдар зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін БЖЗҚ бөлімшелеріне немесе БЖЗҚ веб-сайты арқылы ЭЦҚ пайдалана отырып өтініш берудің қажеті жоқ. ХҚКО-да 1 және 2 топ мүддектігі мерзіміз уақытқа тағайындалуына байланысты БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемін жасауға берілетін өтініштер қабылданады.

БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинағы социальды көп емес азамат жинағын бір мезгілде бірден ала алады ма?

Егер жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы өтініш берген күні республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі зейнетақының екі еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда ғана алуына болады. 01.04.2020ж. бастап ең төменгі зейнетақы мөлшері 40 441 теңгені құрайтын болғандықтан, біржолғы төлем жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының сомасы шамамен 485 292 теңге шеңде болған жағдайда жүзеге асырылады.

Төлемдер бойынша статистиканың қазіргі жасдайы қандай және оларға қарантиндік іс-шаралар әсерін тигізді ме?

2020 жылдың басынан бастап 2020 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша БЖЗҚ-дан зейнеткерлік жасқа жетуіне және мерзіміз уақытқа бірінші және екінші топтағы мүддектік белгіленуіне байланысты жалпы сомасы шамамен 25 млрд теңге болатын 741, 5 мың төлем жүзеге асырылды.

Қарантиндік іс-шаралар БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдеріне әсер етпейді, өйткені зейнетақы капиталы әр адамның бүкіл еңбек еткен уақыты бойында қалыптасып, ал төлемдер әрбір алушы үшін қатаң белгіленген кесте бойынша зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

ТЖ кезіндегі мемлекет басқалармен қатар ең төменгі күнкөріс деңгейі сияқты көрсеткішті де қайтадан қарастырды; тиісінше, БЖЗҚ-дан төленетін ай сайынғы ең төменгі төлем мөлшері ҚД-ның 54% төмен болмауы тиіс, яғни 16 838,82 теңгеден 17 640,72 теңгеге дейін артты.

Өз тілшіміз

АЛҒЫС АЙТАМЫН

ЖАҚСЫ АДАМДАР ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ

«Ауру кірді — әлек кірді» деген рас қой. Кеше ғана алаңсыз шапқылап жүрген басым аяқ-астынан бойымнан әл кетіп, қимылсыз қаламын деген ой үш ұйықтасам да түсіме кірмеген еді. Ол күнді ешқашан ұмытпайтын шығармын. 2019 жылдың 27 ақпаны. Міне, осы күні кенеттен құлап түстім де, қайта тұра алмадым. Бүкіл денем жанызданып, аяқ-қолым тартылды да қалды. Небәрі 29 жастағы мен үшін тосыннан келген осынау қиындық ойайға соқпады. Онысы да менен басқа асыраушысы жоқ қос ұлым қараусыз қалды. Өзгеге күнің түсіп, масылдық кешкеннен артық күйіңіз болар ма? Дертіме дауа ізлеп көмек сұрап бармаған жерім қалмады. Ең өкініштісі, дәрігер мамандар да, халық медицинасының өкілдері де бұл жағдайда шарасыздық танытып. Осындай сәттерде құмұрдың мәні кетіп, одан әрі өмір сүргім келмеген кездер де болды. Тек қана кеземдегі бір үміт сөздері күнделікті таң шапағын қарсы алуыма себепкер болды. Сол сенімнің арқасында ғана көзімді ашып жүрдім.



Бірде қаламызда жанадан ашылған ине терапиясы орталығы туралы естідім. Көп адам мақтауын асырған орталықтағы дәрігер Қымбат Қаратаевамен жүздесуге асық болдым. Осылайша онымен кездесуге бел болдым. Кез келген жанды асты-үстіне түсіп, әлек болып күтіп алатын Қымбат кыз мені де жылы шыраймен қарсы алды. Әуелі бар жағдайымды тыңдап алған ол маған тексеріс жүргізді. Осылайша желтоқсанның алтысында алғашқы ем шарасы басталды. Он күнге созылған кұрстан соң менің тастай болып жұмылып қалған саусақтарым біртіндеп ашыла басталды. Араға он күн демалыс салып екінші емдеу курсы басталып кетті. Ем-дом шаралары кезінде Қымбат Амантайқызы шығыс медицинасының иенем емдеу, банка қою сынды әдіс-тәсілдерін пайдаланып, әр түрлі массаждарды қолданды. Осынау екінші емдеу курсынан кейін неғи аймағыма жан кіре бастады. Қоларбаға таңалған мен әуеліде тіземнен еңбектей бастадым. Кейіннен жүріс арбасы көмегіне жүгініп, нәрестей тәй-тәйләп, әр басқан қадамыма қуаныш болдым. Осылайша бірте-бірте емің-еркің аяғымды басатын халге жеттім.

Дәрігер тек тәнді ғана емдеушісі емес, адам жанының да жебеушісі іспетті ғой. Кез келгенін қолынан келе бермейтін осынау кәсіп иесі атының, жұмысының қиындығына қарамастан ауыр жүкті арқалап жүрген Қымбаттың біліктілігіне дән ризамын. Одан бөлек ақ жүрек арудың кісі ақысын жемейтін адалдығына, үлкен мен кішіге бірдей қарайтын ізет-ілтипатына, науқастарды бөліп-жармайтын әділдігіне қайран қаламын. Расында, бұл біздің қоғамымызда жойылып бара

жатқан қасиеттер ғой. Қымбат маған жүргізген ем ақысы бойынша да көп түсіністік танытып, жеңілдіктер жасады. Бүгінде мен өзімді екінші мәрте дүниеге келген адамша сезінемін. Осындай бақытты бұйырған ақ халатты абзал жан, жас та болса өз ісінің үздігі, ине терапиясының білгірі Қымбатқа айтар алғысым орасан зор.

Осы тұста «Байменова» отбасылық-дәрігерлік амбулаториясының дәрігері Мейрамбек Ахметжановтың да еңбегін атап өткім келеді. Бұл кісі де менің халіме барыныша алаңдаушылық білдіріп, көп ұшын создан таңған емес. Үйіме дейін келіп, менің жай-күйімді тексеріп, қоз жақсы көл болып жатқан сәттерде арқаннан қағып, жанашырлық танытқан, ақыл-кәңесін аямаған Мейрамбек дәрігердің де еңбегі өлшеусіз.

Шандығында, мына өмірде адам баласына ең қажеттісі — денсаулық екендігіне көзім айдан анық жетті. Денсаулық болса барлығы да болады екен. Қай кезде де жесірі мен жетімін жылталаған елдің ұрпағымыз ғой. Арабаға таңалған сәтте кімнің күн екенін, жақының кім, жатың қайсы екенін ұғынасың. Қанша жерден қиындыққа тап болсам да, мына әлем жақсы адамдардан айрылмайына куә болдым. Қолыңда барын аямайтын атығмайт азamat, аймағымызға сыйлап екен, мекенат Бекзат Алтанбекөктің арқасында балаларымын бірте тағы бір қуанышқа келдім. Ол бізге биылғы жылдың 27 ақпанында 2 бөлмелі пәтердің кілтін жиһазымен бірге табыстады. Балаларыма компьютер сыйлады. Бүгінде ұлдарым — оқу оқтатары.

Шағын ғана Жезқазған қаласында өз ісін жоғары деңгейде меңгерген, мысты шаһарды жандылай сүйетін азаматтардың бар екені құантпай қоймайды. Мен сол жандардың кім екенін өзгелер де біліп, оларға қарап бой түзеп, үлгі алғанын қалар едім. Сіздерге көп рақмет, жақсы адамдар!

Арайлым АЛДАМҚҰЛОВА

КӨМЕК ҚОЛЫН СОЗСА ЕКЕН...

Бүгінгі таңда көп адамның басты проблемасы — баспана жайы. Көптен өз үйім болса деп армандап жүрген жандардың бірі — менмін.



Бүгінде ұлым екеуміз екі бөлмелі пәтерді жалдап тұрамыз. Балам — І топтағы мүгедек. Өзім — зейнеткермін. Екеумізге пәтерқысымн төлеу ауырлық етпей қоймайтыны сөзісі. Айтпағым бұл емес. Осыдан үш жыл бұрын 91-орамнан 10 сотық жер телімін алып, жана үйдің іргетасын қалап, құрылыс бастағанбыз. Үйдің төбесі жабылып, шатыры, терезелері мен сыртқы есігі салынып шығып тұр. Ендігі қалғаны — үй ішін мен сырттан сылап, ішкі есіктерін орнату. Өкінішке қарай, оған біздің материалдық шамамыз жетпейді. Біз де өз баспанамызда, өз шаңырағымызда шадыман күй кешіп өмір сүргіміз келеді. Оған екеуміздің пәтерқысымын бөлек ішіп-жеміміз бен дәрі-дәрмегімізден артылмайтын зейнетақымыз мәрдымсыз болып отыр. Соған байланысты аймақ тұрғындарынан қандай да болса қаржылай қолдау көрсетулерін өтініп сұраймын.

Байланыс телефоны: 8 705 199 78 06 «Қасиетті голд» картасының нөмірі: 5169 4971 7815 5770

Күзлейнен БАЗЫЛБЕКОВА, зейнеткер

ТАНЫМ

АЙНА НЕНІ ЖАСЫРАДЫ?



Бүгінгі күні кез келген адам, оның ішінде қыздар қауымы айпасты күн кеше алмайды. Алдында сағаттап тұруға әзір нәзік-жандылардың серігі осыдан 7 мың жыл бұрын пайда болды. Алғашында қалайы, күміс, қола, тау хрусталі сынды минералдардан жасалған айпаңы бүгінгі түрі Венецияда шығарылады. Айпа шеберлерін Мурано аралында ұстап, құпияны ауызға талпынғандарын барға асып отырған сол кездеде алақанай айпа — кеме ақсақалымен, адам бойындағы — кеме құнымен пара-пар бағаланды. Кейіннен құпия ашылып, айпа көпке қолжетімді құралға айналды. Бүгінде бас-басымызда бес-алтаудан бар. Үй бөлмелерінде де толып тұр. Бірақ, ел ішіндегі екі напыс-сенім бойынша айпаға көп қарауға болмайды. Оның маңызды қасиетке ие екенін зерттеуші ғалымдар растап отыр.

ды негатив ойларды да еске алмағаныңыз жөн. Бұның барлығы айна бойына сіңіріп алады. Сөйтіп, сіз замандықтан көз ашып қалуыңыз мүмкін. Керісінше, жақсы сөздер мен ойларға құштар болыңыз.

Көп халық кіре беріске айна қоймайды екен. Бұл үйге келіп-кеткен барлық адамның айпаға қараған сыйын ішкі энергияларын оның бойында сақталып қалады деген сенімге келіп саяды. Ал олар тастап кеткен кесапаттың бөрі үй иелерінің бойына өтеді делінеді. Қазақ халқында кішкентай баланы айпаға қаратпайды. Өйтпесе, нәресте шошынып, тілі кеш шығуы немесе мүлде шөлейт алмай қалуы мүмкін.

Сынық айпаға қарауға болмайтынын білетін боларсыз. Неліктен, ата-бабамыз сынық айпадан сонша сақталды? Мәселенің түп негізі жоғарыда атап кеткен айна ішінде сақталған жағымсыз күштерге келіп тіреледі. Сынаған айпадан негатив шағырап жататынын білген ата-әжелеріміз мұны жаман ырымға балап, бізді көздеріміз қарашығындай қорғауға тырысақан. Осы тұста аса қажеттілік орын алмаса біреудің айпасына қарамағаныңыз дұрыс. Оның қандай көңіл-күйде айна бетіне үлгілетінін білмейсіз ғой. Өз айпаңызды да біреуге бермеңіз. Психолог мамандар сыйлық ретінде де айпаңы ұсынабаған дұрыс дейді.

Кезінде батас жұрты қылмыскерді жан жағының бәрі неше түрлі айпамен қоршалған болмесе қампап жазалаған. Соның нәтижесінде ол есінен айрылып, жанданып кететін болған. Соңғы уақытта шетел ғалымдары өткізген психологиялық зерттеулер бойынша айпамен өткізген тәжірибеде тірі адамдар одан қайтсе болған жақындығын

ҚАДРЛІ ҰСТАЗ, БІЛІКТІ БАСШЫ



Әбдірахман Мұханбетжанұлы 1960 жылы Қарсақбай кентінде дүниеге келген. 1983 жылы Жезқазған педагогикалық институтының көркемсурет-графика факультетіне түсіп, оны тәмамдаған 1988 жылы еңбек жолын №9 орта мектебінде бейнелеу өнері және сызу пәнінің мұғалімі болып бастады. 1993 жылы мектеп аралық оқу-өндірістік комбинатының директоры лауазымына тағайындалды. Білім ошағын біліктілігімен, іскерлігімен басқарып қана қоймай, білім сапасының артуына қосқан зор үлесі басшылар тарапынан да ескерілмей қалған жоқ. Содан 1996 жылы оған қазіргі №1 орта мектептің тізгіні сеніп тапсырылады. Мектеп ол кезде орыс тілді болатын.

Мектеп директоры болып тізгінді алған екі-үш жылдың ішінде үздік білім ошақтарының қатарына қосып, материалдық базасын жақсартып, мектептің ілгері дамуына, білім мен тәрбие беру ісінің нәтижелі болуына үлкен еңбек сіңіре отырып, орыс тілді мектепті қазақ орта мектебіне ауыстыруға ұсыныс жасады. Осылайша, 2006-2007 оқу жылында мектеп алғашқы қазақ тілді шәкірттеріне есігін айқара ашты. Міне, содан бері Әбдірахман Досановтың тізгінді абыроймен ұстап келе жатқанына 24 жылдың жүзі болыпты.

Мектеп директоры үнемі ұстаздар қауымына ел болашағының негізгі ұлттық тәрбиеде жатқанын ұғындырып, рухани сенімді мұра ұрпақты тәрбиелеу келешектің бізге артқан міндеті екенін ескеріп отырады. «Қазақтың тағдыры, келешегі мол ел болуы да мектептің қандай негізге құрылуына тіреледі. Мектебімізді сау, берік, һәм өз жанымызға қабысатын, үйлесетін негізге құра білесек, келешегімізге тайынбай сертесуге болады. Ал сондай негізге құра алмасақ, келешегіміз күңгірт» деп ұлы педагог М. Жұмабаев айтқандай, мектеп мерейінің артуы білікті басшыға тікелей байланысты.

Талай жылдан бері білім сапасының артуына өз үлесін қосып, қолтаңбасын қалдырған Әбдірахман Мұханбетжанұлының ұйымдастырушылық қабілеті мен оқушыларға тиімді білім берумен қатар, мұғалімге де оқу үрдісін тиімді басқаруға қолайлы жағдай қалыптастыра алғанын айтпай кетпеске болмас. Бүгінде мектебіміздегі жана компьютерлік 7 кабинет, ақпараттық жүйелер (интерактивті электронды тақталар, жоғары жылдамдықты интернет, мультимедиялық кабинеттер), робототехнология, IT-технология мен интеллектум кабинеттері білімді әрі бәсе-

әріптес жайлы бір үзік сыр

«Ғалым да, шахтер де бас иетін, ұстазым бар сенің қасиетің...»
демекші, саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұлағаты мол ұстаздар баршылық. Сондай жеандардың бірі – білім саласында абырой беделімен көрініп жүрген №1 орта мектептің директоры Әбдірахман Мұханбетжанұлы ДОСАНОВ.

кеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуде таптырмас құралға айналды. Жанар-тылған білім беру мазмұнына көшкен біздің мектеп ұстаздарының барлығы – да жоғары, бірінші, екінші санатты және аттестаттаудың жаңа форматында тестілеуден өткен педагогтар. Мектеп оқушыларының пәндік олимпиадалар мен түрлі деңгейдегі байқауларда, спорттық сайыстарда да жылделі орындарды иеленіп жүргендігі, жұл сайын ҰБТ-да жоғары көрсеткіш көрсетуі бірлігі жарасқан ұжымның ерең еңбегінің жемісі. Жыл сайын мектеп қабырғасынан түлеген түлектердің еліміздің маңдай алды жоғары оқу орындарына грантка түсуі бұл сөзімізге дәлел. 2017 жылы 51 түлек, 2018 жылы 55 түлек, 2019 жылы 62 түлек грант иеленіп, ата-анасының ғана емес, ұстаздар мерейін де асырған еді. «Алтын белгі», «Қызыл аттестат» неленген шәкірттеріміз тағы бар.

«Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДБҰ тәжірибесі мектептің оқу-тәрбие үдерісіне енгізілген. Елбасымыздың «Тілдердің ұштұғырлығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруда «Үш тілді білім беру» жобасы бойынша 2017-2018 оқу жылынан бастап мектебіміз жаратылыстану – математикалық бағыттардағы пәндерді ағылшын тілінде оқытудың облыстық пилоттық жобасымен жұмыстар жүргізуде. Мектепшілік жоба жоспары жасалынған. 8 «а», «б» және 9 «а», «б» сыныптардағы химия, биология, информатика, физика пәндері ағылшын тілінде оқытылады. Химия, биология, физика, информатика мұғалімдері ағылшын тілінде сабақ берудің тоғыз айлық курсы оқып, сертификатталған. «Облыстық «Футбол сабағын» сынақтан өткізу жобасына 1-4-сыныптар арасынан 12 сынып немесе 436 оқушы қатысады. Оқушылар арасында футболға деген қызығушылықты арттырып, жастардың патриоттық сезімін оятып, салауатты өмір салтын насихаттауды мақсат тұтқан жобасы бойынша 12 мұғалім жұмыс жасайды. Мұғалімдер оқушыларды ойын техникасымен таныстыруды бастап кетті. Мұның бәрі шәкірттің үлкен футболға дайындығын нықтай түсетініне сеніміміз мол.

«Lesson study» зерттеу әдісі негізінде, «Action research» әрекетін мектеп тәжірибесіне енгізуде ұстаздар жоспарға сәйкес жұмыс атқарып отыр. «100 ән» жобасын іске асырудағы «Қазақ әндері» әлеуметтік жобасы, «Бір күн ата-аналар кәсіпорнында» әлеуметтік жобасы, «Екі апта ауылда» әлеуметтік жобасы, «Шаңырақ» жобасы бойынша ұйымдастырылатын түрлі шаралар оқушылардың жан-жақты дамуына үлесін тигізіп келеді. Әлеуметтік жауапкершілікті назардан еш уақытта тыс қалдырмайтын біздің білім шаңырағы жыл сайын республикалық «Мектепке жол» акциясына қатысады. Әр оқу жылында өз

қамқорлығымыздағы аз қамтылған, көп балалы, әлеуметтік жағдайына байланысты оқушыларды оқу құралдарымен, киім-кешек, тегін тамақ, жолда жүру билетімен қамтамасыз етіледі.

Мектепте волейбол, баскетбол, теннис, футбол, жеңіл атлетика, тоғызқұмалақ, дөйбис, шахмат спорттық үйірмелері жұмыс істеп тұр. Біздің мұғалімдердің басты міндеті – оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттырып және икемділігіне қарай өз таңдауын жасауға бағыттау. Үйірме жұмыстары да өз жемісін беруде. 2017-2018 оқу жылы баскетбол жарысында 9-11-сыныптар қыздар арасында ІІ орын, футболдан 7-8-сынып қыздар арасында ІІ орын, өрт қауіпсіздігі сайысында І орын иеленді. 2018-2019 оқу жылы 5-6-сынып баскетболдан ІІ орын, 7-8-сыныптың ұлдары волейболдан ІІІ орынды жеңіп алса, 2019-2020 оқу жылында шағын футбол, волейбол мен баскетбол ойындарында біздің жас спортшылардың бәсі биік болды.

Қай заманда болмасын мұғалім де, мектеп басшысы да сапалы білімге жету жолында аянбай еңбек етуі керек. Осы ретте біздің жолымыз болды деп нық сеніммен айта аламын. Өйткені, Әбдірахман Досанов бастаған ұжымда қоғамдық өзгерістерге тез икемделетін, жаңалыққа жаны құмар, шығармашыл яғни, түрлі деңгейлік курс бағдарламасын оқып-үйреніп, тәжірибеден қолдану арқылы нәтижеге жетіп жүрген ұстаздар көп. Ынтымағы жарасқан біздің ұжым мәдени шаралар, танымдық кештер мен апталықтар, семинарлар өткізуді де игі дәстүрге айналдырған.

Шәкірттердің білімге деген ынтасын арттыру мақсатында биік талап деңгейінен көрінуде талай игі істердің ұйытқысы болуда, ұжымның жетістікке жетуінде Әбдірахман Досановтың қосқан үлесі орасан. Білікті директор, ұлағатты ұстаз ел болашағын тәрбиелеуде тынымсыз күндер мен түндерді артқа тастап, бедел биігінде келеді. Тынымсыз еңбегі арқасында ҚР «Білім беру ісінің үздігі» атанып, Жезқазған қаласы әкімі сыйлығының «Білімді дамытуға қосқан ерекше үлесі үшін» номинациясы жеңімпазы, «Мәртебелі мектеп директоры» төсбелгі иегері, жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін «Ы. Алтынсарин» белгісіне ие болғандығы кейінгі толқын жастарға үлгі, әріптестері үшін мақтаныш.

Ізденіс пен өз ісіне деген адалдық, ел іргесін бекітетін жасампаз білімді ұрпақты тәрбиелеу адамды ақ жолға бастайтыны даусыз. Жүрегі шәкірт деп соққан ұлағатты ұстаз, білікті басшы ғана емес, сонымен қатар, отбасының тірегі, ардақты әке, немерелерінің сүйікті атасы Әбдірахман Досановтың қоғамға берері мен алар асулары әлі мол.

Жанаргүл ӘБІЦАЕВА,
Жалпы білім беретін №1 орта мектеп директорының орынбасары

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Жезқазған қаласындағы жалпы орта білім беретін №1 мектепте көп жылдан бері басшылық етіп келе жатқан білікті басшы, ұлағатты ұстаз Әбдірахман Мұханбетжанұлы ДОСАНОВ бүгінде асқаралы 60 жасқа толып отыр.

Әбдірахман Мұханбетжанұлы Досанов – отбасында үлгілі әке, аяайын-туыс, еліне абыройлы ер-азаматтардың бірі. Ол – сенімді демекші, көшбасшылық, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, оқу үрдісіндегі жаңа идеяларды зерделеп, қажеттісін таңдап, бастамайы бола білген, заманауи қоғамға қажетті дағдыларды меңгерген білікті басшы. Қалтқысыз еңбегі арқасында талай лайықты марапаттарға да ие болды. Заманауи басшы ретінде өз ұжымын ынтымаққа ұйыта білді. Ұстаздардың мәртебесін арттыруда да жан-жақты еңбек етіп, зор қолдау танытып келеді.

Білімді де іскер басшы Әбдірахман Досанов, сізді барша №1 орта мектебінің ұжымы 60 жасқа толаған торқалы тойыңызбен шын жүректен құттықтайды. Тұжым елге деген сүйіспеншілігі жоғары, отансүйгіш әрі білімді шәкірттер тәрбиелеу жолында қашанда жоғары ұйымдастырушылық қырыңызды танытып келесіз. Қоғам игілігі жолында сарп еткен еңбегіңіз өлшеусіз. Осынау ұлы мақсат жолында қанатыңыз талмасын, қажыр-қайратыңыз қашанда арта берсін.

Өзіңізе және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілейміз!

Жезқазған қаласы №1 ЖОББМ ұстаздары,
кәсіподақ ұйымы



5 ШІЛДЕ – ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ



КӨПТІ ҚОШЕМЕТНЕ БӨЛЕНГЕН

Қазақ деген ұғыммен бірге жасасып, сан қилы тағдырлар көшінен қалмай, ұлттымызбен біге жасап жатқан серігі – қазақтың қара домбырасы баға жетпес асыл мұра. Осынау қос ішекті, қоңыр үнді, қасиет пен киеге толы ұлттық аспабымызды ұмыт қалдырмай, мәртебесін асқақтатып жүрген шаңырақтың бірі – әң-күйдің ордасына айналған Балалар өнер мектебі.

Балалар өнер мектебі, халық аспаптары бөлімінде домбыра, жетіген, прима кобыз, қыл кобыз сыныбы бойынша 151 бала тәлім алуда. Музыкаға жаны құмар жас өрендерге 11 оқытушы бар білген-көргенін үйретіп, тәжірибелерімен бөліседі. Биылғы оқу жылында мектепшілік, қалалық мәдени іс-шараларға халық аспаптары бөлімінің ұстаздары мен оқушылары белсенді түрде атсалысты. Олар білім күніне орай ұйымдастырылған мектепшілік кештерде әрдайым сахна төрінде табылды. Химиядан ІІІ республикалық К. Сәтбаев атындағы олимпиаданың ашылуында өз өнерлерімен көрерменнің ыстық қошеметіне бөленген «Шабыт» домбырашылар ансамблі ұстаздары мен мектебіміздің мерейін асырды. «Шабыт» домбырашылары мен «Қарлығаш» жетігеншілер үйірмесінің мүшелері «Индустри 4.0: STEAM Білім берудегі технологиялар» атты Ө.А.Байқоңыров атындағы республикалық ғылыми-практикалық конференциясында, ҚР Тұңғыш Президенті күніне арналған мерекелік бағдарламада, Қарағанды облыстық білім басқармасы ұйымдастырған «Сарыарқа санлағы» пікірталас сайыстарының мән-мазмұнын арттырып, мысты шаһардың абыройын асырып келеді.

Бөлім мұғалімдері ұстаздардың шеберлігін дамыту мақсатында жыл бойы өзара іс-тәжірибелерімен бөлісіп, ақыл-кеңестерін ортаға салады және қай кезде де шығармашылық ізденіс жолынан танған емес. Оқушылардың жеке жоспарын құрып, байқаулар мен концерттер, фестивальдерге репертуар таңдау кезінде мұғалімдер бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып бірлесіп жұмыс атқарады. Мектебімізде тәрбие сағаты, ашық сабақ, әдістемелік баяндама жасау, түрлі шеберлік сабақтары, бөлімнің есеп беру концерті, конкурстар жыл бойы үздіксіз ұйымдастырылып отырады.

Ұстаз мерейі – шәкірттерінің жетістіктерімен бағаланары сөзсіз. Осы орайда, біздің мектеп тәрбиеленушілерінің қол жеткізген нәтижелері аз емес. Соның бір дәлелі, 2019 жылы ІІІ республикалық «Дарабоз» байқауына қатысқан жас домбырашылар – І-сынып тәрбиеленушісі Ақберді Асылбеков І орынды, 2-сынып тәрбиеленушісі Жантөре Шамұрат ІІ орынды,

3-сынып тәрбиеленушісі Шолпан Молдабергін ІІІ орынды иеленсе, 3-4-сыныптардағы прима кобыз триосының мүшелері Медет Қабыл, Айханым Шамұрат, Алина Ахил ІІІ орынды қанжығаларына байлады.

Өткен жыл біздің оқушыларымыз үшін табысқа толы жыл болғанын айтпай кетпеске болмас. Дәл осы жылы республикалық «Қосбасар» конкурсы ұйымдастырылды. Бұл байқауда жетігеншілер ансамблі ІІ орынды, 1-сынып тәрбиеленушісі Айтұмар Хабдулла І орынды жеңіп алды.

Биыл қаңтар айында өткен «Прикоснись к прекрасному» атты республикалық конкурс-фестивалінде «Қарлығаш» және «Нұр» жетігеншілер ансамблі биік тұғырдан көрініп, І орын иегері атанды.

2019-2020 оқу жылы сәуір айында «Мурагер» интеллектуалдық білім порталы ұйымдастырған республикалық қашықтан өткізілген «Өнер композициялары» байқауында да І-сынып тәрбиеленушісі Бекарыс Жақанов биік тұғырдан көрініп, І орынмен марапатталды.

Ұстаздар ұжымы өз біліктіліктерін әрдайым жетілдіріп отырады. Сол мақсатта түрлі семинарлар мен тәжірибе аландарына қатысып, арнайы сертификаттарды иеленген ұстаздар саны жетерлік. Өткен жылы өнер мен өнегені қос қанаты еткен біздің мұғалімдерден құралған «Ақжелең» ансамблі де жезқазғандық жұртты тәңгі етуден жалыққан емес.

Елімізде болып жатқан індет салдарынан балалар өнер мектебі сәуір айынан бастап қашықтан білім беруге көшті. Тосыннан енгізілген аталған әдіс мұғалімдерге де, оқушыларға да оңай түспегені анық. Десе де екі жақты ұтымды шешім мен еңбектің арқасында бұл қиындықты да еңсеріп келеміз. Бүгінде мұғалімдер қашықтан күнделікті сабақтарын қызықты қылып өткізуге барын салуда. Оқушылар да ұлттық аспаптарымыздың қыр-сырын еш қиындықсыз меңгеріп жатыр.

«Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деп Қалдір ақын жырлаған Домбыра күнімен барша қазақстандықтарды құттықтаймын. Елдігіміз еңселі, азаттығымыз айбынды болғай!

Бибігүл ТӨЛЕГЕНОВА,
Балалар өнер мектебі халық аспаптары бөлімінің меңгерушісі

«БЕЙБІТ БОЛСЫН БОЛАШАҚ!»



атты конкурс өтті

Жаздың алғашқы күнімен келетін БҰҰ бастамасымен 1950 жылдан бері аталып өтетін Халықаралық балаларды қорғау күнінің балалар кітапханасы да ұмыт қалдырмай, жыл сайын сүйікті жас оқырмандарымен бірге қарсы алуы дәстүрге айналдырған. Пандемияға байланысты жарияланған карантин кезінде балалар мерекесіне арналған шаралардың барлығы қашықтықтан өтті. Ондай рәсімде ұйымдастырылған шараның бірі – «Бейбіт болсын болашақ!» атты өлең оқу конкурсы.

Конкурс шарты бойынша қатысушы балалар І маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні мен «Балалық шақ» тақырыбында қалам тербеген ақынның өлеңдерін мәнгеріп немесе жатқа айтып бейнеролик түсіру керек еді. Конкурсқа қала мектептерінің оқушылары мен Кенгір ауылындағы №5 үлгілі кітапхана филиалының оқырмандары қатысты. Конкурсқа қатысуға барлығы 24 ба-

ладан өтініш түсті. Балалардың өнерін бағалап, үздіктерді анықтау үшін арнайы қазылар алқалы құрылды. Конкурс қорытындысы кітапхананың «Инстаграм» әлеуметтік желісіндегі zhez_balalar_kitaphana парақшасында тікелей эфирде шығарылды. Нәтижесінде 5-8 жас аралығындағы оқырмандар ішінде Ясмينا Нұрғазықызы І орынды, Ахмад Дулат ІІ орынды, Милана Бекмуратова мен Алия Шайманова ІІІ орынды жеңіп алды.

Ал, 9-12 жас аралығында кенгірлік Эльвира Советова сұрылып шықты. Кәусар Оңғарбай, Нұрсұлтан Сырымбет пен Айғаным Ғабдуллина да жеңімпаздар қатарынан табылды. Сонымен қатар, жас оқырман Айханым Сағат «Көрермен көзайымы», Нұрай Балтабекова «Көркемөз шебері», Дәурен Қаһарман «Ерекше оқу мәнері» номинацияларымен марапатталды.

Жеңімпаздарға орталықтандырылған кітапханалар жүйесі дайындаған диплом мен ақшалай сыйлық табыс-талды. Конкурсқа қатысқан барлық балаларға алғыс білдіреміз.

Жанар ТҮКЕНОВА,
Балалар мен жасөспірімдер кітапханасының меңгерушісі